63.3(5Қаз-4Жам)
Ж 26

...сыл аудандық соғыс және еңбек
ардагерлер кеңесі

# ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

(Рейхстагқа тұтқиыл шабуыл жасап, ту тігу операциясына қатысқан соғыс және еңбек ардагері Әсет КЕМПІРЕКОВ қақындағы мақалалар мен өлеңсуреттемелер топтамасы.)

Тараз қаласы, 1999 жыл.

11.10.16

63.3(5Каз=4 Жам)
Ж 26

Жамбыл аудандық соғыс және еңбек ардагерлер кеңесі

# ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

**(Рейхстагқа тұтқиыл шабуыл жасап, ту тігу операциясына қатысқан соғыс және еңбек ардагері Әсет КЕМПІРЕКОВ қақындағы мақалалар мен өлең-суреттемелер топтамасы.)**

Тараз қаласы, 1999 жыл.

Жамбылская районная библиотека
(2001). 6525.



Бұл кітапта Жамбыл ауданы, Қаракемер ауылының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері, Рейхстагқа ту тігуге қатысқан майдангер Әсет Кемпреков туралы журналистер мен ауыл интеллегенттерінің жазған мақалалары, көсемсөз бен өлендері жинақталып, топтастырылған.

Сонымен бірге жазылған материалдардың мазмұнын аша түсетін құжаттар, аудан ақындарының Әсекең мен соғыс тақырыбында жазған өлендері, фотосуреттер берілді.

Соғыс және еңбек ардагері Әсекеңнің өмір жолы елге елеулі адал еңбегі кімді де болса елең еткізбей қалмас деген ойдамыз.

## Алғы сөз

**Міне, жылжи-жылжи 2000 жылда келді. Бұл жылдың мамырында Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 55 жыл болады.**

*55 жыл тарих жағынан алғанда қас қағым сәт, ал адам өмірінде біраз уақыт. Бұрынғы ата-бабаларымыздың «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дегені тегін емес. 1941 жылы - соғыс басталған жылы 18-гі жас жігіттер екі мыңыншы жылы 77-ге келеді екен, яғни соғысқа қатысқандардың ішінде ең төменгі жас 77-де, жоғарылары одан да көп жаста деген сөз.*

*Ұлы Отан соғысының 55-жылдығына жеткен де бар, жетпей «келместің кемесіне мініп» кеткендер де бар. Басқаша айтқанда, жылма-жыл Отан соғысына қатысқандар қатары кеміп, саны азайып барады.*

*Егер аудандық әскери комиссариат қайта құрылған 1968 жылы Ұлы Отан соғысына қатысқандар 703 болса, 1985 жылы 463, соғыстың аяқталғанына 50 жыл толу юбилейі кезінде 347, ал 2000 жылғы мамырға, яғни соғыстың жеңіспен аяқталғанының 55 жылдығы қарсаңында 200-ден сәл ғана артық ардагерлер қалып отыр.*

*Бұлардың арасында соғыстан мүгедек болып оралғандары да, аман-сау келіп бейбіт еңбекке араласып, елін, жерін көркейту үшін, туған Республикасының экономикасын нығайту жолында аянбай еңбек етіп, мемлекет наградаларымен марапатталған ардагерлер де көп. Өткенді айтпай-ақ қояйық, қазір ортамызда аман-сау жүріп жатқан жасөркендік Әлмұханбет Досмұханбетовті, қызылоктябрлік Мәдібек Әліпбаевты, каракемірлік Әсет Кемпрековті, асалық Төлені Исабековті, Николай Погореловті, Дунгановкадан Совет Қадыровты, Жамбыл селосының тұрғыны Гаширов Маржиоглы, Тәттімбетов Қожахмет, ақбұлымдық Гулиев Қошалы, Бесағаш селосындағы Елеусинов Жадикбай, Саниев Тухматулла, Уразовский Петрді, Бірлесу Еңбектегі Алақан Жапарбековті, айшабибілік Қалтаев т. б. атап өтпеске болмайды. Солардың ішінде аудан жұртшылығына*



*көптен таныс, ұлағатты ұстаз Рейхстаг үшін шайқаста бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталған соғыс ардагері Әсет Кемпрековті нысанаға алып отырмыз. Оның себебі - Әсекеңнің елі үшін, туған халқы үшін сіңірген еңбегі қомақты, өзгелерге қарағанда жетпістің бесеуіне келсе де жастарды Отан сүйгіштікке, достыққа бейбіт өмірді қорғауға ынтызар етер тәрбие мәселерімен қол үзбей айналысып келеді.*

*Бұл кітапшаға Әсекеңнің өмірі, жауынгерлік және еңбек жолы, жан-жақты әр түрлі авторлардың соғыс аяқталғалы бері жазып, газеттерде жарияланған мақала, естеліктері беріліп отыр.*

*Мақалаларды жазған өз ауылдас, бауырластары мен жоғары әскери басшы командирлер. Атап айтсақ, Оңғар Шайымқұлов, Болат Жаппаров, Бақыт Сырлыбаев, Қыстаубай Байтуов, С. Михалков, Қапаш Тасболатов, Ф. М. Зинченко, В. М. Шатилов және басқалар.*

*Мақалалардың барлығы да үлкен тебіреніс, толғаныс үстінде жазылған.*

*Оқырман қауымға осы мақалаларды, естелік хабарламаларды ұсына отырып, Әсекең жайлы толық мағлұмат беру, соны анықтай түсу үшін тарихи құжаттар, бұйрықтар, куәліктер, анықтамалар, мақтау қағаздары, құрмет грамоталары, армия қолбасшыларымен түскен суреттері, хаттар, өлеңдер тағы басқа құжаттар берілді.*

*Кітап Жамбыл аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің жоспарына сәйкес жазылып, баспаға ұсынылды. Шығарушы, кітапқа демеушілік етуші осы аудандағы «Қаракемер» шаруа қожалығының төрағасы Мұхтар Шайдаев пен аудан әкімінің орынбасары Сергеев Белгали мырзаларға шын жүректен алғыс айтады.*

**Құрастырушы: Аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы Жорабай МОЛДАҚҰЛОВ.**

**Әбдінұр АСЫЛБЕКОВ,**
**Жамбыл ауданының әкімі.**

# АТАЛАР ДАҢҚЫ ЖОЛЫМЕН

...Отан әркімге де ыстық. Оны қорғау – бәрімізге парыз. Біздің ата-бабаларымыз Атырау – Алтай, Алатау – Арқа арасында көсіліп жатқан кең байтақ қазақ жерін білектің күші, найзаның ұшымен қорғап, қойнауы байлыққа толы дархан даланы кейінгі ұрпағы – бізге мұраға қалдырған. Біз сол ата-баба дәстүрімен Қазақстан жерінің әр қадамын көздің қарашығындай қорғап, оның байлығын ел игілігіне жаратуымыз керек.

Соғыстың беті аулақ. Біз ұлы көршілерімізбен бейбіт қарым – қатынаста болып, экономикалық саяси байланыстарды нығайта береміз. Еліміз егемендік алғалы бері Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сара саясатпен мемлекеттер арасындағы байланыстардың нығая түсуіне зор үлес қосып, бейбітшіл, берекелі істер тындырып келеді. Біздің таңдауымыз – бейбітшілік. Ғасыр бойы моңғол-татар, жоңғар-қалмақ езгісіне қарсы табанды күрес жүргізген жауынгер халықтың Қабанбай, Наурызбай, Қарасай, Саңырық, Өтеген сынды батырларының есімдері мәңгі ел есінде. Бізді қай істе де сол аталарымыздың аруақтары қолдасын.

Қазақстан кешегі Ұлы Отан соғысында да талай ержүрек ұл-қыздарынан айырылды. Бірақ намысты қолдан берген жоқ. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы, шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк, екі мәрте Кеңестер Одағының Батыры Талғат Бигелдинов... Бұл тізім осылай кете береді. Сол соғысқа үйінен азамат аттандырмаған отбасы жоқ. Біздің ауданымызда талай ер-азамат қан майданда ата-жаумен алысқан. Солардың бірқатары елге жеңіспен оралып, бейбіт еңбекте де отаншылдық рухын танытқан. Бүгінде арамызда жүрген Алахан Жапарбеков, Әсет Кемпіреков, Бейсенбай Сабаев, Алексей Погорелов, Людмила Шелева, Төлен Исабеков сынды ардагерлер – біздің мақтанышымыз.

Қазір де көптеген азаматтар Отан тыныштығы күзетінде тұр. Аудандық әскери комиссариат жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуде мектептермен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп отыр. Алғашқы әскери дайындық сабақтарының жүргізілуі қатаң бақылауға алынған. Шымыр да шыныққан жастар тәрбиелеуде қолдан келгеннің бәрін де жасап жатырмыз.

Құрметті ардагерлер, запастағы офицерлер, әскерилер мен жастар! Бәріңізді алда келе жатқан Жеңіс мерекесінің 55 жылдығы және Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасылық бақыт, еңбекте табыс тілеймін!

*Толғау*

# 1418 КҮН МЕН ТҮН

Иә, ол күндер тарихымызға алтын әріппен жазылып қалады. Советтік Отанымыздың 70 жылдан аса ғұмырының ішіндегі ең ұмытылмас күннің бірі – өлім мен өмір арпалысқан, 20 миллион адамымызды арамыздан алып кеткен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қайғысы мен қасіреті көп 1418 күн мен түн. Бірақ совет халқы әділет үшін, Отанның тәуелсіздігі үшін ата жаумен айқасқа түсті. Ақыры жеңіске жетті. Ол қиынға соқты. Солай болса да бір тудың астына біріккен көп ұлтты совет халқы ынтымақтығын, беріктігін көрсетті, фашист көксеген арманның күлін көкке ұшырды. Жау жағадан, бөрі етектен алғанда кім аянып қалған дейсің. Бейбіт жатқан Отанымызға неміс басқыншылары опасыздықпен шабуыл жасап, басып кіргенде әрбір совет азаматы Отанын қорғауға өзі сұранып майданға аттанып жатты. Сол бір сұрапыл жылдарда тылдағылар майдан үшін жан аямай еңбек етсе, совет жауынгерлері қасиетті жеріміздің әрбір сүйемі үшін кеудесін оққа тосты.

Иә, 1418 күн мен түн. Бұл – Ленинград қоршауын, Курск иініндегі, Сталинград түбіндегі қанды шайқасты бастан өткерген қасіреті көп-азалы күн мен түн. Талай жесір қосағынан айырылған, талай бала жетім қалып зар жылаған, кәрі әке мен ананың жалғызынан айырылып ботадай боздап қалған мұң мен құсаға толы қайғылы күні мен түні еді. Мыңдаған шаңырақты ортасына түсіріп, иесіз қалдырған күн мен түн еді бұл. Осынау жақсылығынан жамандығы көп, өмірінен өлімі асып түскен, оқ жауып, қорғасын бүркіген, жердің астаңы мен кестеңі шығып, үрей мен қорқыныш әкелген осынау азалы күн мен түнді кім ұмыта алар?!

Осы бір азалы күндер мен түндердің зардабы қиянда жатқан ауылды да шарпыған еді. Белі қатып, бұғанасы бекімеген 9-10 жасар бүлдіршіндер оқуларын тастап,



әкелерінің орындарында тұрып станокта жұмыс істеді. Ауылдың ертеңгісін ұйқыдан тұрғанда жыламай тамақ ішпейтін, ана сүті аузынан кетпеген кіп-кішкентай қарадомалақ балалары ше? Олар – шыжыған аптап ыстықта арба айдап, қырманда дән бастырған еді. Қазір соларды өзі елудің үстіндегі ақыл тоқтатқан, кемел жасқа келген әке мен ана болды.

Иә, тоты құстай таранып, аққудай сыландаған арулар-ай десеңші? Қазір сендер жетпістің үстіне шықсандар да сонау бір жылғы енді ғана гүл жарып, бүршік атқан, жауқазындай жайнаған жастық шақтарының жалғыздықпен сарғайып өткенін ұмыта алмайтын шығарсыңдар. Бота көздерің төрт болып, батысқа қарап телміріп, құдай қосқан сүйген жарларының амандығын тілеп, тек жақсылық хабар күтуші едіңдер. Сендер нәзік сезімді жандар болсаңдарда өмірлерің ауыр болды. Ерлеріңнің орнын жоғалтпай тракторды да, машинаны да өздерің жүргіздіңдер. Өйтпеске амалдарың болмады. Күндерің мен түндеріңді ұмытып, жұмыстан басқа ешнәрсені білмедіңдер. «Бәрі майдан үшін, Жеңіс үшін» деген ұранды мият тұтып, сардалада күн өтіне қақталып қызылша шаптыңдар, егін орып, мал бағып, жер жырттыңдар. Өмірлерің өксікпен өтіп жатса да Жеңістен үміт үзбедіңдер. Өйткені сендер Жеңіс жолында өздеріңді сарып етуге бар едіңдер. Бұлда – 1418 күн мен түннің зардабы еді, айналайын қасиетті аналар!

Еліміз бойынша 20 миллион адам 1418 күн мен түннің құрбаны болды. Біздің ауданнан да 752 адам майдан даласынан оралмады. Бұл – 752 түтін ғой. Олар бар жоғы төртақ жылдың ішінде өмірден қыршын кетті. Артта қалған сүйген жарларына, бесіктегі баласына, бастарын аққырау шалып, жерортасына келген әкесі мен шешесіне қарайлай алмай кетті. Осынау бүгінгі жарқын өміріміз үшін жас жандарын қиып, шейіт болған оларды мәңгі есте сақтап, рухтарына тағзым етіп бас иіп отыру бүгінгі басты парызымыз.

Осы 1418 күн мен түннің бар ауыртпалығын бастарынан өткерген 520 ардагер қазір арамызда жүр. Олардың әрқайсысы том-том шежіре, дастан десек асық

айтқандығымыз емес. Қанкүйлы фашистің ордасын талқандап, Берлинді алуға қатысқан ауылы педагог Әсет Кемпірековтің, Сталинград үшін шайқастың бел ортасында болған, II, III дәрежелі Даңқ ордендерінің иегері Алақан Жапарбековтің, Сонау Балқан тауының етегінде, ну орман ішінде, Югославия жерінде партизан қозғалысына қатысып, Броз Титоның көзін көрген қарт партизан Сәмет Осланов-тың және тағы басқалардың әрқайсысы бүгінгі біздер үшін тарихи шежіре емес пе? Тылда ерен еңбек үлгісін көрсетіп, соғыстың бар ауыртпалығын көтерген аналарымыз ше? Олар да тұнық тарих қой. Атап айтқанда Социалистік Еңбек Ерлері Сындыбала Оңғарбаева, Дариға Жантоқова, Мәрзия Ибрагимова, Мария Мырзахметова апаларымыз жайлы дастандар жазсада көптік қылмас.

Бүгін Ұлы Жеңістің 45 жылдығы. Ордендері мен медальдарын күн көзіне жарқыратып ардақты ағаларымыз бен апаларымыз көшеге серуендеуге шығар. Өткенді еске алып, бір серпілер. Бірақ 1418 азалы күн мен түнді ешкім ұмыта алмайтын шығар.

**Л. ӨЗБЕРГЕНҰЛЫ.**



**С. ӘЛІМҚҰЛОВ**

# Ардагерлер

*Ардагерлер – қажырлы, бүгінгі ерлер,*
*Қызыл ту ұстап алға жүгіргендер.*
*Ел үшін омырауын оққа тосып,*
*Неше өліп, неше мәрте тірілгендер,*

*Ардагерлер,*
*Айтса ертек – көргендері,*
*Табандары таймаған өрден кері,*
*Сыңғырлап сыр шертеді жиындарда,*
*Кеуде толы жарқырап ордендері.*

# БҰЛ КҮНГЕ БАР ЖЕТПЕГЕН ДЕ, ЖЕТКЕН ДЕ

***(Ауданда Жеңістің 50 жылдығын атап өту салтанатынан)***

Аудан орталығындағы «Аса» агробірлестігінің Мәдениет үйінің алды ығы-жығы халық. Айқасқан құшақтар, бірін бірі құттықтап жатқан ел.

Жеңіс салтанатын паш еткендей көңілді әуен әуеде қалықтап жүр. Жұрттың бәрі мерекелік көңіл-күйде. Ауданның барлық шаруашылықтары мен елді мекендерінен келген ардагерлер осында тоғысуда. Біреулері балдаққа сүйенген, енді біреулерін балалары сүйемелдеп, қолтықтап келеді. Ал, енді біреулерінің жүрістері ширақ, бойлары тік. Жеңіс шеруінде келе жатқандай нық басады. Кеуде толы ордендер мен медальдар атқан таңның арайына шағылысып, жарқ-жұрқ етеді. Осынау бір қарттардың осыдан елу жыл бұрын қолдарына қару ұстап, жауды жайратқан қылшылдаған жігіттер болғанына адам сенбейтіндей. Сен, сенбе кешегі жан алып, жан берісқен қан майданда оққа кеуде тосып, Отан қорғаған ерлер – осылар. Сондықтан оларды бас иіп құрметтейік!

Аудан әкімі мен аудан басшылары әр топтың алдынан шығып қарсы алып, әр майдангердің қолын алып, беттерінен сүйіп құттықтауда. «Адам қартайғанда бір бала» деген рас қой,ардагерлер осының өзіне мәз. Бір ауыз жылы лебізге марқайып қалатын қайран ақ көңіл қарттарым-ай!

Міне, Қызыл Жұлдыз ауылының ардагерлері келеді. Топ алдында Еңбек Ерлері Сындыбала Оңғарбаева, Дариға Жантоқова, Мәрзия Ибрагимова апайлар мен Рустем Шұпенов аға. Бұлар Ұла Отан соғысында қол жеткен Жеңіске ерен еңбектерімен үлес қосқандар. Рүстем аға майдан даласында оқ-дәрінің иісін иіскеген майдангердің бірі.



Қап, осындайда мен ауылдың қарияларына өкпелейтінім бар,- деп өкініш білдірді әрқашан әзілі дайын тұратын Ермек Әзімов.

– Е, не боп қайтты?

– Біздің батырларды айтамын да, ол жақта біреу сыбаға дайындап тұрғандай, о дүниеге асығып ерте кетті де қалды. Бүгін мына апаларымыз сияқты басып ортада жүрсе, оларды кім шеттетер еді!

Ермек – Ерназар ауылының әкімі. Оның меңзеп тұрғаны өз ауылынан шыққан, бүгінде марқұм болып кеткен сегіз Еңбек Ері. Жұрт Ермектің әзіліне күліп жатыр.

– Оу, Ереке, өзің әкімсің. Ол кісілерге Жеңістің 50 жылдық мерекесіне дейін тұра тұрыңдар, демедің бе енді?

– Бүгінде ақыл тыңдайтын адам бар ма? Әйтпесе айтуын айттық қой.

Ермек сөзден тосылған ба, енді сытылып былай шықты. Ия, мың күн пейіштен бір күн жалғанды артық санаған күнәһар ғой. Олар өздігінен өлгілері келді дейсіз бе, алланың өшеп берген өмірі бітіп, тататын тұз-дәмдері таусылған-дағы.

Әне, майдангерлердің тағы бір тобы келеді. Алдарында атақты қызылшашы, Еңбек Ері Мәриям Мырзахметова апай. Бұлар – бесағаштықтар.

– Жігіттер, біздің батальонға жол беріңдер! – деген дауысқа жалт қарасақ, XXII партсъезд ұжымшарының төрағасы Аркадий Лазаревич Костянкин екен. «Батальон» солдаттары жау қоршауынан жаңадан бұзып шыққандай ілініп-салынып келеді. Бірақ жаңа ғана жанындағы серігі оққа ұшқандай қабақтары қатулы емес, жүздері жадыраңқы. Өйткені олар Жеңіс мерекесін тойлауға келеді. Той дегенде кү бас та домалаған.

Қаракемерлік топ келіп түскенде, жұрттың іздегені Әсет аға болды. Ия, кәдімгі Рейхстагты алуға атсалысқан Әсет Кемпіреков.

– Оу, Әсекең көрінбейді ғой араларыңызда?

– Е, естіген жоқ па едіңдер, Жеңіс шеруіне қатысуға Алматыға кеткен. Құдай қаласа, әрі қарай Мәскеу барып, онда да Жеңіс мерекесін тойлап қайтатын шығар.

Қаракемер аулынының әкімі Полаткүл бұл сөздерді мақтаныш сезіммен айтты. Мақтауға, мақтануға лайық ардагер болса ауылында, неге мақтанбасқа!

Жұрт жиылып бітті-ау деген кезде мерекеге жиналған топ Мәдениет үйі алдында шығысқа қарап қасқайып тұрған белгісіз солдаттың ескерткішіне қарай қозғалды. Ескерткіш алдында алау жанып тұр. Одан беріде осы өңірден майданға аттанып, туған жерге оралмай қалған 338 боздақтың есімдері қашалып жазылған тақтатастар.

Ескерткіш тұғырына көпшілік атынан аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы, соғыс және еңбек ардагері Бейсенбай Сабаев, ардагер Әнуарбек Сандыбаев, Еңбек Ері Дариға Жантоқовалар гүл шоқтарын қойғаннан кейін, бір минут үнсіздік сәті болған.

Аса ауылындағы Бәйдібек мешітінің имамы Лесбек Қосынбекұлы әруақтарға арнап құран оқыды. Оған қазақ демей, орыс демей бәрі де қол жайып жатыр. Әсіресе ата-аналарының жетегінде келген кішкентай бүлдіршіндер қол жайып, бет сипағанда кісі көңілі босағандай. Олар періште ғой. Не үшін қол жайып, бет сипағандарын білмесе де олардың көңілдері кіршіксіз, өздері күнәдан пәк! Сондықтан Алла тағала олардың ниеттерін әрқашан қабыл қылған. Лайым бүгінгі дұға да қабыл болып. Жаратқан есімдері ғана ел есінде сақталып, өздері майдан даласынан оралмай қалған боздақтардың топырақтарын торқа қылғай!

Осыдан кейін Жеңіс құрметіне автоматтан үш дүркін сальют берілді. Автоматтан оқ атылғаны балалар үшін қызық, ал «енді құдай мылтық үнін естіртпесін» деген кейбір қарт майдангердің құлақтарына түрпідей тигені айқын.

Осы рәсімнен кейін жұрт стадионға қарай жылжыды.

Қалжыңдары жарасқан кешегі «солдаттар» ұрыс толастаған сәтте алауды айнала темекі шегіп отырып сөйлескендеріндей бір-бірлеріне әзіл тастап қойды.



– Оу, Реке, жұрттың кебісі төрт мүшесі түгел елге оралғанда сен бір аяғыңды немістерге ескерткішке тастап кеткенсің бе?

– Талай боздақ жанын беріп, қанын төгіп жатқанда бір аяқты несін аяйын. Фашистер қайта бас көтермесін деп кеуделерінен бастырып кеттім.

Неткен теңеу, неткен бейнелі сөз! Кейбіреулер осылай бір мүшесін майдан даласында қалдырып кетсе, жау снарядының жарықшағын денесінде «ескерткішке» ала келіп, әлі күнге «сарымайдай» сақтап жүргендер қаншама!

Тіпті осы салтанат үстінде бір ардагер талып та қалды. Құрдастары әзілдеп «полк баласы» атап кеткен дәрігер Тастыбай Айбосынов шыр-пыр жүгіріп жүр. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілген әлгі кісі тез арада ауруханаға жөнелтілді.

Аспанда алашабыр бұлт бар. Бұлт арасынан күн сығалайды. Біреу арнайы тапсырыс жасағандай желемік есіп тұр. Жанға жағымды қоңыржай бір дүние. Ардагерлер мен той меймандары орындықтарға жайғасқан. Орталарында қазақ та, орыс та, татар да, өзбек те бар. Әңгімелері әр тілде айтылса да, жүректері мен ниеттері бір арнаға тоғысқан жеңіс жәдігерлеріне қарап тұрып, Мұқағали ақынның:

Неменеңе жетістің, бала батыр,<br>
Қариялар азайып бара жатыр.<br>
Бірі мініп келместің кемесіне,<br>
Бірі күтіп әнеки жағада тұр,

– деген жыр жолдары ойға оралады. Рас-ақ қой! Осыдан он жыл бұрын Жеңістің 40 жылдық мерекесін тойлағанымызда ауданда 2 мыңнан астам соғыс ардагері бар еді. Енді міне 350-ден аз-ақ астамы қалыпты. Сондықтан, күннен-күнге қатарлары сиреп бара жатқан осынау көненің көзі қарттарға қалай құрмет көрсетсек те лайық. Шариғат заңы бойынша Отан қорғау жолында шейіт болғандардың бәрінің де имандары қабыл. Ал, оларды құраннан жоқтап, дұға арнап отыру тірілерге парыз. Кешегі соғыста он екіде бір гүлі ашылмай майданға аттанып, от ортасынан орал-

мағаң боздақтар да бар. Артында туяқ қалмаған сол жайсаңдарға кім дұға бағыштамақ. Әрине, біз. Құдайға мүкір, еліміз егемендік алып, дініміз қайта тіріліп жатқан шақта бүгінгі ұрпақ мереке күндері майданда қаза тапқандарға арнап орнатылған ескерткіштерге гүл қойып, құран оқиды. Олардағы мәрмәр тастарға сол боздақтардың есімдері ойылып жазылған. Ендеше олар жоқтаушысыз емес. Ал, ондай ескерткіштер ауданның барлық шаруашылықтарында бар. Экономикалық қиындақтарға қарамастан «Қаракемер» агробірлестігі мен «Қызыл Октябрь» ұжымшары өткен жылы осындай ескерткіштер орнатса, Жеңістің 50 жылдығы мерекесінде Пионер, Ақбұлым, Қаратөбе, Жалпақтөбе ауылдарында Отан соғысында қаза тапқандарға және бүгінгі көзі тірі майдангерлерге арналған ескерткіштер бой көтерді. Мұнымен аға ұрпақ алдындағы парыз өтеліп қана қойған жоқ, жас ұрпақ тәрбиесінің деңгейі көтеріліп, аясы кеңейе түсті. Ұрпақ дәстүрін алға апарудың бір жолы осы.

Соғыс тақырыбы сөз бола қалса, алдымен ауызға ілігетіні гвардиялық панфиловшылар дивизиясы. Ал, оның құрамында жерлестеріміз Иса Тілекеев, Рәпілбек Сұлтанбековтер де соғысқан. Опасыз жау тұтқиылдан шабуыл жасағанда онымен алғаш соғысқандардың қатарында Жылқыбай Серкеев бар. Ардагерлер Алахан Жапарбеков, Людмила Никитична Шелева Сталинград майданында жаумен шайқасса, партизан Сәмет Оспанов Югославия жерінде ұрыс жүргізген. Қарап отырсаңыз, Қап тауларынан Балтық теңізіне дейін созылып жатқан майдан даласының барлық жерінде де біздің жерлестеріміз соғысыпты. Тіпті фашистік Германиямен одақтас жапон самурайлары Шығыстан көз алартқанда Төлен Исабеков секілді ардагерлер солармен шайқасқан.

Бұл жағдайлардың бәрі де мереке құрметіне баяндама жасаған аудан әкімінің бірінші орынбасары Тұрсынхан Нұрбаевтың әңгімесіне арқау болған.

Қай кезде де аудандағы ойын-сауық, той-тамашаның ортасында гүлдей жайнап жүретін өнерпаз Ғалымжан Бейбітов қызылоктябрьлік қос бүлдіршін – Махаббат Сайдалиева мен Дарын Рүстембековке қосылып арнау айтқанда толқымаған жан жоқ шығар.

Желбіретіп туымен жеңіс келген,
50 жылдай еліме жеміс берген.
Бұзылмасын енді бір шекаралар,
Қазылмасын окоптар тегістелген,-

деген жыр шумақтары домбыраның қос ішегінен шыққан әуезді әуенге қосылап шырқалғанда жүрек қалай тәбіренбесін!

Осылай басталап кеткен концерт түс ауғанша созылды. Ленин атындағы орта мектеп хорының орындауындағы «Менің Қазақстаным», «Бухенвальд дабылы». «Әрқашан күн сәнбесін» әндері көрермен көңілінен шықты. Бүкіл ауданға танымал әнші Ақбота Құрманбекқызының шабыты ерекше. Бір өзі 10-15 әннің басын қайырып тастаған шығар. Ара-арасында Ермекпен және Ғарифолламен қосылып шырқаған әндері де құлақтан кіріп, бойды алды.

Жеңістің 30 жылдығы атындағы орта мектептің спорт залында дархан дастархан жасалған. Дастарханда құстың сүтінен басқаның бәрі баршылық. Қазы-қарта, жал-жая, қымыз... Ата салтымен ардақты ақсақалдарға бас тартылып жатыр. Майданның 100 граммы да тартылды. Ағылтегіл береке. Бір кезде ән де басталып кеткен. Майдан даласын күркіретіп кеткен атақты «Катюша» зал ішін күңірентіп барады. Көңілдер босап, көздерге жас алынды. Куанған мен қорыққан бірдей деген ғой...

Бұл шақта стадионда доп додасы қызып, шаршы кілемде балуандар белдесіп жатты. Майдангер аталары мен ағалары алып келген Жеңістің арқасында бақытты өмір сүріп жатқан жас ұрпақ ойынын ойнап, тойын тойлап жатыр. Кісі қарап тұрып қызыққандай.

«Құдайым осы бақытты көп көрмей, ұзағынан сүйіндіргей!» деп тілейсің іштей.

**Болат ЖАППАРҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**



(2001) 6525

# ОЛ БЕРЛИНДЕ БОЛДЫ

***Жан емес ед жатып маңын қармаған***
***Адал еді арамдыққа бармаған.***
***Бойындағы қасиетін алаңсыз,***
***Халқы менен Отанына арнаған.***

**(Қ. Тоғызақов)**



Әсет Кемпіреков. Көпшілік жұртшылыққа таныс адам. Ол кісі туралы жазу қиын. Солай болса да жазғың келеді. Еріксіз қолға қалам аласың, ойланасың, толғанасың. Шабытыңа қанат бітер себеп іздейсің. Көне газеттердің қиындыларына, сарғыш тартқан дәптерлердің беттеріне үңілесің. Міне, облыстық «Еңбек туы» газетінің 1965 жылғы 9 майдағы номерінде «Рейхстагқа ту тікті» (авторы бұрынғы Ленин атындағы мектептің мұғалімі, Қазір Жамбыл педагогикалық институтының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымының кандидаты Қапаш Тасболатов), аудандық «Шұғыла» газетінің 1967 жылғы 8 майдағы номерінде Л.Дарханұлының «Жауынгер ағаға», «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1965 жылғы 9 майдағы санында «Жауынгер педагог», 1973 жылғы 8 майдағы «Лениншіл жас» газетінде «Соғыстың соңғы күндерінде»



атты мақала, очерктер еріксіз назарыңды өзіңе тартып алады. Соңғы очерктің авторы Б. Сарбалаев Рейхстагқа ту тігу сәтін былай суреттеген:

«...Рейхстагқа дивизия туын тігу Илья Сивновтың ротасына тапсырылды. Жауынгерлер жан ұшыра қарсыласқан жауды ығыстыра отырып, Рейхстагқа енді. Енді соғыс оның ішінде жалғасты. Фашистер ордасына Кантария №5 туды желбірете тікті. Әсет те осы ұрысқа бастан аяқ қатысты. Ол Фрунзеде әскери училищеде өзімен бірге оқыған лейтенант Рақымжан Қошқарбаевтың да Рейхстагқа жалау қадағанын білді. Сол үйдің екінші қабатындағы терезеден Р.Қошқарбаев пен оның серігі Г.Булатов тіккен жалау да алаулап көрініп тұрған еді. Олар қанаттас 674 полктан, Василий Давыдовтың батальонынан болатын. Сағына күткен Жеңіс күні осылай келді...»

Міне, Әсет Кемпіреков жайлы материалдың көп жазылғанын көріп отырсыздар. Ол кісі жайлы қалам тартудың қиындығы осыған әкеліп тірейді. Әйтсе дағы біз кешегі жауынгер, бүгінгі ұстаз жайында қысқаша сипаттама айтуды жөн көрдік.

Әсет Кемпірековтың соғыстан кейінгі ұстаздық жолының өзі үлгі-өнеге аларлықтай жемісті тәжірибеге бай. Ол туралы аудандық оқу ағарту бөлімі методикалық кабинеттің меңгерушісі Үшкемпір Сәдібеков былай дейді: «Әсекең 1961 жылдан бері мектептің басшы қызметінде. Қазір ол кісі басқаратын мектепте 439 оқушы білім нәрімен сусындауда. Оларға 50 мұғалім сабақ береді. Бұрынғы материалдық-техникалық базасы нашар мектеп бүгінде 27 пән кабинеттері бар үлгілі орта мектепке айналған. Оның жанында 76 орындық интернат жұмыс істейді. Онда малшылардың, көп семьялы адамдардың, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің балалары тәрбиеленуде

Мектептегі жеке пән кабинеттері қала мектептеріндегі пән кабинеттерінен еш кем түспейді. Әсекең басқаратын кабинетте саналы біліммен, сыпайы қызметімен құрметке бөленген ұстаздар аз емес. Олардың қатарында Химбиолог А.Боранқұлова, тарихшы Б.Мұқатаева,

әдебиетші Т.Садықова және басқа мұғалімдерді жатқызуға болады. Соңғы төрт жылда бұл мектепті 7 оқушы алтын медальмен бітіріп шықты. Солардың бірі РСФСР-дағы жоғары оқу орнында оқып жатқан Рита Кренделева.



Әсекең басқарған коллектив әр жылы халық ағарту саласы бойынша социалистік жарыста жақсы көрсеткішке жетіп келеді. Әсекеңнің өзіне «1970 жылдың Социалистік жарыстың жеңімпазы» және «Тоғызыншы бесжылдықтың үздігі» белгілері берілді. В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына сәйкес мерекелік медаль берілді, оған қоса ол «СССР Қарулы Күштеріне 50 жыл», Ұлы Отан соғысы жеңісіне 30 жыл» медальдарымен наградталды.

Әсекең көпшілік арасында, оның ішінде ата-аналар арасында үгіт-насихат жұмысын үзбей жүргізуге белсенді қатысып тұрады. Әртүрлі тақырыптарда әсерлі әңгіме өткізіп, лекциялар оқиды. Ол әр жылы үгіт-көпшілік жұмыстарын жемісті жүргізумен байланысты аудандық, облыстық партия комитеттерінің, облыстық білім қоғамының Құрмет грамоталарына ие болып келеді. Мұның өзі Әсет Кемпірековтың бүгінгі бейбіт еңбек майданында да абыройлы екенін айтқызбай түсіндіреді.»

***Жаздым, аға өмірін,***
***Елі-жұрты білсін деп.***
***Әсекеңдей ағалар***
***Аман-есен жүрсін деп.***

**Ж.МОЛДАҚҰЛОВ.**



# ЖАУЫНГЕР-ПЕДАГОГ

Кемпіреков Әсет 1942 жылы январь айында туған ауылынан Совет Армиясының қатарына алынды. 1943 жылы ноябрь айында бір топ жігіттермен, ішінде Рахымжан Қошқарбаев, Ғабдолла Құсекенов, Әубәкір Қанафин, Азарқұл Абдуллаев, Голаян, Шварц бар, Фрунзе қаласындағы жаяу әскер училищесін бітіріп, 150- дивизияның қарамағына барды. Содан Берлинді азат еткенге дейінгі жауынгерлік ұзақ жолдан етті. Великие Луки қаласын, Варшаваны азат етуге, Одер өзенінен өту шайқастарына қатысты.

Соғыстың ең шешуші кезеңі - Берлинді алу шайқастары оның жауынгерлік өміріндегі ұмытылмас із қалдырған күндер еді. Әсет сол кез туралы былай дейді:

- Берлиннің ішінде қиян-кескі көше ұрыстары жүріп жатты. Сол кезде біздің полк, оның ішінде біздің батальон рейхстагқа баратын бағыттағы Шпрее каналы арқылы өтуге бұйрық алды.

45 минуттық артдайындықтан кейін көпірден өтіп, бір километрдей жердегі станцияға бекіну туралы менің взводым қосымша тапсырма алды. Түн. Атыс басталып кетті. Зеңбіректермен қоса, катюшалар да «сөйлей» жөнелді. Осы кезеңді пайдаланып, көпірден де өтіп, темір жолды жағалай бетімізді жауға беріп бекіне бергенімізде, жау күтпеген жерден шабуылға шықты. Айналамызда панапар жер жоқ. Темір жол рельсін қалқан етіп, жата-жата қалдық. Жау бір батальонға жуық. Жаудың басымдылығына қарамастан, тотеп беріп қана қоймай, жаудың батальонын түгелдей дерлік жойып жібердік.

Кемпіреков Әсет соғыстан оралысымен өзі оқыған Ленин атындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Қазір сол мектепте математикадан сабақ береді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

**Қ.ТАСБОЛАТОВ.**

# ҚУАНЫШТЫ ҚАУЫШУ



Жуырда Ұлы Отан соғысының ардагері, Қаракемер орта мектебінің директоры Әсет Кемпірековтың семьясында қуанышты кездесу болды. Бұл күні оларға Әсекеңмен бірге Отан соғысының ауыр күндерін бастан өткерген, Қызыл жұлдыз ордені мен бірнеше медальдардың кавалері Александр Павлович Шерстнев қонаққа келген еді.

Қос ардагер елімізді езгіде ұстап, құлаққесті құл еткісі келген неміс-фашист басқыншыларын Великие Луки түбінде қарсы алып, қанқұйлы ордасы Рейхстагқа дейін қуып барған. Отанымызды Европаның азаттық аңсаған халқын жау тырнағынан арашалаған қартжауынгерлер бүгінгі бейбіт өмірде де еңбек майданының ен ортасында. Олардың осынау өнегелі өмірі жас ұрпақтың кез-келгеніне үлгі болуға лайық.

**Қ.БОЛАТОВ.**



# СОҒЫС ТАБЫСТЫРҒАН ТАҒДЫРЛАР

- Са... ша..а..!

- Ас..се..ет!

Құшақтар айқаса кетті. Вокзал басындағы ығы-жығы халық омыраулары орденге толы екі егде кісінің бірін-бірі аймалап, айқасқан құшақтары жазылмай жатқанына қызыға, таңданып қалған.

- Амансың ба, бауырым!?

- Кездестік-ау, Сашенка! Келуіңмен!

Құрсаудай құшақтар жазылып барып, қайта айқасады.

Ет жақын жандардай жүрек жарды қуаныштары жанарлардан жас боп аққан екеудің құшақтары жазылар емес. Араға жылдар салып табысқан тағдырлардың сарғайған сағыныштарына куә болған жұрт осынау қағылез қарттардың, ол кезде бірі отызды омыраулап, екіншісі жиырмадан жаңа ғана асқан жауынгер жігіттердің осыдан 38 жыл бұрын неміс-фашист басқыншыларын өз ұясында талқандап, оның қанқұйлы ордасы Рейхстагта осылай құшақтасып тұрып көздеріне жас алғанын білген жоқ. Дәл сонда, жеңіс туын желбірете тұрып, екеуі осылай аймаласып, шалқар көлдің шаттығын көз жасымен көрсеткен болатын.

Қызыл Армия жауынгерлерінің шабуылы шыдатсын ба? Көшелер, кварталдар бірінен кейін бірі алынды.

3-ші екпінді Армия 150-ші дивизиясының 756 атқыштар полкі жау ұясына таяқ тастам жерде тұрды.

Взвод командирі лейтенант Кемпірековке Шпрее каналының көпірін алу тапсырылды. Бұйрық - көпір зақымдалмауы керек. Полк жауынгерлерін Рейхстагқа бастап баратын бірден-бір өткел сол.

Ымырт жабыла басталған артиллерия атқылауы екі сағатқа созылды. Әсекең взводы сонан кейін ғана алға жылжыды. Жау есін жинамай тұрып көпірден өтіп алу керек.

Жау көпірден өтуге беттеген топты байқап қалған. Еңбектеп келе жатқан біздің жауынгерлер жата қалысты. Фашистер тынышталды-ау деген кезде тағы да алға жылжыды. Осылай көпірді де алды. Көпір Совет жауынгерлерінің қолында. Жол ашық. Енді арттан көмек те келеді...



Федор Матвеевич Зинченко (фото 1948 г.)

Алда тұрған теміржол будкасына жетіп үлгерген взводтан бір жауынгер оққа ұшты, екеуі жараланды. Жараланғанның бірі - взвод командирі Әсет Кемпіреков. Есі ауып, көзі қарауытып бара жатқан оның құлағына жауынгерлердің уралаған үні талып жетті. Есін жиса, кіші лейтенант Шерстнев басын сүйеп отыр екен.

- Сәл шыда, Әсет, сәл ғана! - деді Александр Павлович. - Ана қарашы, Рейхстагтың екінші этажында біздің Қызыл ту желбірейді, көрдің бе? Көп ұзамай ол Ту фашистер ұясының төбесінде желбірейтін болады.

Әсет басын сәл көтеріп, Сашаның кеудесіне бетін басты. Көзінде жас. Екі достың құшағы айқаса кетті. Әсет басының ауырғанын да ұмытып кеткен...

Араға 38 жыл салып майдандас досы Александр Павлович Шерстнев қонаққа келгенде Әсекеңнің көз алдынан осы сурет жүгіріп өтті.

- Әсетті госпитальға жөнелтісімен мен алға кеттім, - дейді ардагер Александр Павлович. - Рейхстагқа біздің полктің жігіттері Егоров пен Кантария Жеңіс туын тікті. Ал подвалдан 800-ден астам фашистердің шенді офицерін iнiне су құйған суырдай сүмірейтіп айдап шықтық.



Бірі Жамбылдан, екіншісі Қиыр Шығыстан тағдыр табыстырған олар тағы да бас қосып отыр. Жастығын соғыс ұрлаған, бүгінде ел ағасына айналған осынау жандардың достығы мәңгі жасайтын интернационалдық туысқандықтың туындай.

... Вокзал алаңы. Тағы да сол айқасқан құшақтар. Александр Павлович өз үйіне - Москваға аттанып барады. Бір-біріне қиыла қараған жанарларда қимастық бар.

**Б. ЖАППАРОВ.**

## БРАТЬЯ ПО СЕРДЦУ И ДУХУ

**«Уважаемая редакция! Я прочитал вашу статью «И память жива, и сердце хранит» под рубрикой «К 50-летию Победы». Меня взволновал сам заголовок. Я не мог оставаться равнодушным и решил написать через вашу газету Открытое письмо. Все, о чем пишу, от чистого сердца, и нет там вымысла.**

**Убедительно прошу напечатать его, считаю, что молодому поколению будет полезно знать о прошлом.**

**С уважением Григорий Тимофеевич Акишев из города Симферополя».**

**Вот такое письмо пришло в нашу редакцию. По просьбе ветерана войны мы предлагаем его читателям.**

Казахи, как, впрочем, и другие народы, немало сил вложили в достижение победы. Нелегко она досталась. Война принесла большие жертвы, кровь, смерть, страдания. Но мы выстояли. Я воевал в составе 756 СКМ 150 Идрицко-Берлинской ордена Кутузова второй степени дивизии. Многонациональный состав полка, в котором было немало сынов казахского народа, воевал смело и напористо. Наши бойцы не прятались за спины других. Расскажу об одном из них, ставшего мне другом навеки.

В наш полк часто приходило пополнение. Молодой младший лейтенант, получивший под свое командование второй взвод второй роты второго батальона, сразу обратил на себя внимание. Тогда я уже был командиром второго отделения расчета станкового пулемета. Расчет этот передавался второму стрелковому взводу, и я, согласно приказу, в условиях боевых действий, становился подчиненным офицера - Асета Кемпрекова. Помню уличные бои в Берлине. Мы забыли о сне и отдыхе. Метр



за метром, улица за улицей, продвигались вперед, к центру. Ловкий хорошо обученный младший лейтенант Кемпреков, умело отдавал распоряжения, сигналы на подавление огня противника. Будучи командиром, он при этом оставался замечательным товарищем. Уже близко к подступам рейхстага он вдруг рухнул на землю. Я подполз к нему и увидел раны на висках, одну больше, другую поменьше. Первое мое впечатление было такое, что он убит. Тогда я достал из его кармана капсулу с адресом, а спустя несколько дней написал домой, рассказал о его храбрости, мужестве, героической смерти, выразил соболезнование. Не мог я тогда знать, что мой товарищ остался жив, и что его письмо придет домой раньше, чем мое - «гражданская панихида». Родные были в курсе того, что произошло с Асетом. Забегая вперед, скажу, что Асет нашел свой полк позже, через месяц. Оказалось, был тяжело контужен и ранен рикошетом пули от каменной стены. Можете представить мою радость, когда я увидел своего товарища живым. За мужество, проявленное в боях, он награжден орденом Великой Отечественной войны 1 степени.

Разве после всего пережитого мы не братья с Асетом Кемпрековым по сердцу и духу? И пусть мы сыновья разных народов, но связывало нас тогда одно - единая Родина-мать, что учила жить и работать, привела в космическую страну с лучшей технологией. И полувековой юбилей для нас будет праздником со слезами на глазах. Мы отстояли родную землю, одержали победу над фашизмом. По праву мечтали жить в хороших социальных условиях. То была власть Советов, для которой интересы народа - на первом месте.

Вы, вероятно, будете удивлены, что пишет человек, живущий в ближнем зарубежье, как у нас сейчас принято говорить. Время показало, что перестройка - это ничто иное, как выполнение платного заказа толстосумов. Прошу простить за вольность старого солдата. Помните, что такие, как Асет Кемпреков, мой друг и брат, ковали нашу Побе-

ду. Всю свою жизнь он посвятил работе на ниве просвещения. Удостоен почетного звания Отличника просвещения Казахской ССР и СССР. Заслуженный учитель, он поистине заслужил право на всеобщее уважение.

Я искренне желаю всех благ вашему героическому и трудолюбивому народу здоровья и счастья.



**Степан Николаевич КУЧЕР**

**Сергей ШЕРСТНЕВ**



# ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ СЫРЫ

## *Бастау немесе таныстыру*

Үлкен жол бойында әрлі-берлі ағылған машиналар легі әлі толастай қоймаған. Сол көп сапырылысқан жеңіл машиналардың арасында піл сүйегі түстес «Жигули» жеңіл жүріп келеді. Іште отырған екеудің бірі - кеудесі орден, медальдерден әрең көрініп келе жатқан Ұлы Отан соғысының ардагері, Рейхстаг шабуылына қатысқан, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, республикалық дәрежедегі дербес пенсионер Әсет Кемпіреков еді. Жасы жетпіске таяса да ширақ, тың, рульді еркін ұстап келеді.

Қасында отырған жирен шаш, ақсары жүзді жігіт - отызға толмаған. Ауғанстанда интернационалдық борышын өтеп оралған Әсекеңнің кешегі шәкірті, бүгін «Қаракемер» совхозының белді механизаторы Сапарғали Ақшалов.

Қос бірдей соғыс ардагері. Қызық-ау, өзі, кеше ғана мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан сары уыз балапан, міне, Ұлы Отан соғысы сияқты дауылды күнді бастан кешіріп, сонау құзғындар ұясы - Рейхстагқа дейін жеткен Әсет ағамен қатар ардагерлердің әртүрлі басқосу, кездесулеріне қатысып, сөз сөйлеп жүр. Шыны сол - 1977-1978 оқу жылы ғана аттестатты қолға алған балаң шәкіртің өзімен бір тізерлес құрметті төрде отырады деп Әсет аға да ойламаған еді. Қызғаныш емес, қызығуы бұл.

Сапарғали үнсіз, иба жүзді, иманды ғана кейіппен сөз бағып отыр. Рульдегі ұстазы Әсекең сөйлеп келеді. Ұстаз бен шәкірттің бір сәт сырласуы еді бұл...

## *2. Бірінші сыр немесе еске алу*

- Есіңде ме бала, сені бір кезде класс жетекшің менің алдыма алып келіп шағынып еді-ау. Сонда менің реңжудің орнына қуанғанымды айт.

- Иә, есімде ағай, ол 10 класты оқып жүрген кезім етін. Класс жетекшіміз, неміс тілі пәнінің мұғалімі, Кеңескүл Кашкенова әкпей «басқалардың жұмысына үйірсің, жүр директорға» деп Сізге жетектеп барған.

- Есіңде екен ғой, мен енді қуанышымды айтайын, оны сен естіген жоқсың-ау. Әлгі әкпейіңді тыңдап болғасын, ішім жылып, толқып-ақ кеткенім. Бір ауыз сөзге келмей, «сөйлесемін» деп шығарып салдым да,хатшыға завучты шақырттым. «Кінелі» сол ағайың емес пе еді?

- Жоқ, ол кісіде еш айып жоқ, өзім етін.

- «Кінелі» дегенім әкпейіңнің сөзін қолдана айтқаным ғой. Шынында «кінесі» шағынатындай емес екен. Әкпейің саған өзі басқарған неміс тілі кабинетіне жазу жазбайсың деп, ал завучтың қазақ тілі мен әдебиет кабинетіне бәрін жазып бердің деп жазғыратын керінеді. Сонда екеуі де өз жеке тірліктері үшін емес, мектеп абыройы үшін сенің жақсы жазуларыңа қызығып, таласып жүргеніне қуанбасқа шара қалмай, жүрегім тулап, саған да ерекше риза болған едім; өнеріңе сүйсінгенмін. Сол оқиғаны әр жерде айта жүремін, есімде қатты сақталыпты.

Нәтижесінде сол екі кабинет те сол жылы паспортқа ие болып, ауданға танылған. Саған да бұйрық жазып, алғыс жариялағанмын.

- Оқығаным бар ағай, ұмытпаған екенсіз әлі.

- Неге ұмытайын, 40 жыл ұстаз болсам да ондай-ондай елеулі із қалдырар оқиғалар жадымда ұзақ сақталады.

- Соғыс жылдарының да ұмытылмас елесі аз емес шығар, ағай?..

## *Екінші сыр немесе Жеңіс жалауы*

- Аға, сізбен болған кездесу, басқосу кездерінде үнемі ыңғайсыз күй кешіп, қиналып жүрмін. Біртүрлі





ыңғайсыз-ақ екен. Ол аз дегендей «ардагер, майдангер» деп тақылдап қоймайтынын қайтерсіз кейбір басие ағалардың. Сізді ғой қалай айтса да жарасқан.

- Олай деме бала. Ардагер десе тура айтады, ол дүйім елге белгілі. Ауған жерін тек сен емес, бүкіл Совет халқы қорғады деп ұқ. Біз фашистермен кескілессек, сендер дұшмандармен айқастыңдар, кәдімгі біз көрген соғысты бастан кешкен жоқсыңдар ма?

- Рас қой, аға, солай болуы болды-ақ. Сөйтседе сіздің бір ерлігіңіз ғұмыр бойы айта жүруге жетіп жатыр, біз не айтамыз. Мектептегі «Жауынгерлік даңқ» бұрышында сізге өлең де арналған, кітап беттерінен орын алдыңыз. Рейхстагқа дейін жеттіңіз. Бәрін қойғанда, өз Отаныңыз үшін соғыстыңыз.

- Оның рас, әйтсе де өз хұқыңды қадірлей біл. Иә, әлі есімде, алапат майданға бұл ауылдан сексеннен астам боздақ аттанып едік, соның небәрі отыздан сәл астамы ғана тірі оралдық қой. Бүгін солардан ат төбеліндей болып оншақты ардагер қалыппыз. Әрқайсымыз әр бөлек майданға кеттік. Өзім Көкшктау, кейін Фрунзе қаласында әскери училищелерде оқыдым да, 1942 жылы взвод командирі болып ұрысқа араластым. 150-ші Идрицк-Берлин девизиясының құрамындағы 765-ші атқыштар полкында кіші лейтенант дәрежесімен взвод командирлігін атқардым. Қайсыбір ұрысты айтайын. Рейхстагтың бірінші коменданты, Совет Одағының Батыры, полковник Ф.М. Зинченконың 1983 жылы «Рейхстагты шабуылдаған қаһармандар» атты кітабы жарық көрді. Соның 162 бетінде былай жазылған, оқышы өзің.

Әсекең машина қорабындағы ораулы кітапты алып сапарласына ұстатты. Сапарғали орауын жазып «Герои штурмы Рейхстага» деген кітап мұқабасына сәл көз тоқтатты да айтылған бетті ашты. Соңғы үлкен азат жолдан былай жазылыпты: «...мл. лейтенант Асет Кемпреков из Джамбулской области... все их боевые друзья и побратимы, сыны разных народов, на единой отчизны, славной Страны Сове-

тов, прокладывали путь этому знамени, которое несли Егоров и Кантария...»

Міне сонда жазылғандай бүкіл майдандағы өмірімнің жанды елесіндей болып қалған оқиға 765 атқыштар полкы құрамында Рейхстагқа шабуыл болды. Сонау Великие Луки дегі, Ловати, Жағалауынан Рейхстагқа 250 метр жердегі Шпрее өзенінен өткен үлкен жол аралығында жеңіл жарақаттар алғаным болмаса, ұрыс даласын тастап, шабуылға жарамаған шағым болған жоқ еді. Қазақ атамыз «жан шығарда түяқ серіппе» деген, солай демекші, фашистер сол төңіректің бір сүйем пұшпағын совет жауынгерлеріне бергісі келмеген ниетін байқатып бақты. Соңғы күш, ақырғы қуаттарын сарықты-ай келіп. Қайта біздің әскер жеңіске қарай ұмсына түсіп, жан алқымға алдық кеп, жаяу әскер, танктер, артиллерия дейсің бе, аянып қалған жоқпыз-ау. Алғашқы сел толқынындай күшпен қүзғындар ұясына лап қойған біздер, көк пен жер тұтасып, аласапыранға айналған зор-зобалаңға қарамай төпеді-ақ.

Сол шайқаста жараландым, бірақ соғыс алаңын тастамадым. Жеңіс туын алып келіп бара жатқан полктастарым Егоров пен Кантарияға жол аштық. Қасымда қаруластарым москвалық Александр Шерсткев пен көкшелік Степан Кучер бар.

Ұлы Жеңіс жалауының желбірін көзбен көрдік.

Жеңіс шебіне жетіп, өлім емес, қазіргідей мағыналы өмір бұйырғанына бір тағдырға риза шығарсыз.

Пендеміз ғой, бала, әрі арманы таусылмайтын халықпыз. Рас, өлшеусіз қуаныш бұйырыпты, құдайдың мүнысына шүкіршілік. Міне, 45 жыл бақыт бесігінде тербетіліп, Жеңіс жырын шертіп, жас ұрпаққа өнеге, тәрбие беріп келемін. Майданға мектеп партасынан аттанған едім.

Сізге арналған өлеңде:

Қарыс жер қанды жауға бермедіңіз,
Ерлікпен тең қазіргі еңбегіңіз.
Берлиннен, Рейхстагтан, оқ пен оттан,
Қандай бақыт Жеңіспен келгеніңіз, -

деген жолдар бар екен, шын бақыттысыз аға.



- Ал менің мақтаныш ретінде айтар бір-ақ ауыз сезім бар. Ол үш рет ұрысқа қатысып, Кандагар қаласы маңында күз-шатқал жолы бойында дұшмандарға соққы беріп, ұяларын быт-шыт талқан еткеніміз «бақа-мина» дегенге тап болып, жеңіл жарақат алдым. Содан міне, сізбен қатар жүріп, өмірге, еңбекке араласып, мен де тірі қалғаныма шүкіршілік етудемін. Мен де небәрі он тоғызда ғана едім.

- Ол да Отан абыройы ғой. Азаматтық борыш қай ел, қай жер болмасын адал атқарылса - жауынгерге сол сын. Ол сыннан өттің, арамыздасың, сен де бақыттысың, бала.

- Ағай, үкіметіміз бен партиямыздың Сіздер сияқты Отан қорғап қалған ардагерлермен бірдей жеңілдік беріп қойғанына қысылыңқырап жүргенімді несіне жасырамын. Былайша «кішіктен ұлық» болып жүргендеймін.

- Олай деме, майдан дегеннің мағынасы бірегей. Қай майданда болмасын, ол солдат қамқорлыққа бөленсе, ол біздің көреген Компартияның әділ саясатының арқасы. Оған тек жүрек жара қуану керек.

Әне, жасыл желек жамылған Қаракемер селосы да көз қарыды. Машина жол шетіне тоқтады.

## *Үшінші сыр немесе тәтті жымиыс*

Кешегі Рейхстаг шабуылының қаһарманы Әсет Кемпіреков құрметті демалысқа шыққан. Ал, шәкірттері кездесуге шақырса, жетіп келуге әрқашан дайын. Көзіне оттай басылып, көкірегін қаритын, өзі жиырма жылдай басқарған мектептен әлі қол үзе қойған жоқ. Бүгін де уақытынан ерте келді. Сапарғали шәкірті, ұстаз-ардагер Р. Әжібаев, тракторшы-майдангер И. Каньшин - үшеуі мектептің «жауынгерлік Даңқ залын» аралап жүр екен.

Әсекең бәрімен жылы амандасып, Сапарғали қарап түрған өзіне арналған стендіге жақындады.

Мына Сізге арналған бұрыштағы бай материалдарға қызыға қарап оқып шықтым. Келген сайын оқи бергім келеді.

— Әйтеуір ұстаз, шәкірт болып, екеуің бір қабырғаны алыпсыңдар ғой, - деді Р. Әжібаев. «Интернационалистер» деген стендіге көз жүгіртіп, тұрған бойы.

Әсекең де, Сапарғали да тәтті жымиып қойды.

— Ә, мұндағы суреттер өткенде мен жолда айтқан Ф.М. Зинченконың кітабы негізінде жасалған материалдар ғой. Анау әскери киімді сол полковник, екеуміз қатар келе жатып түскенбіз. Бұл 1985 жылы Москвада 765 атқыштар полкының жауынгерлері кездесуде түскен суреттер. Мына оң жақтағы суретке үңілші, қасымда тұрған жұқа өң орыс шалы, апырау шал деймін суретте 40-тағы жігіттей екенбіз ғой, менің майдандас досым - Александр Шерстнев. Әлгі Рейхстаг түбінде жарақаттанғанда қасымнан айналшықтап шықпай. Жеңіс қуанышынан менің қайғым жанына батқан досым бұл. 1984 жылы жазда сонау Москвадан мені іздеп келген, сонда түскенбіз. Қазір хат жазып, хабарласып тұрамыз. Ол тұратын Кохма жеріне мен де барып қайттым. Биыл 45 жылдыққа кездесуге шақырған қағаз алдым, сәуір айының соңында барып қайтамын-ау. Енді 50 жылдыққа кім бар, кім жоқ?

— Ой, ағай, әлі 70 жылдыққа да желіп жетесіз ғой, - Сапарғали шын ойын айтты.

Кеште ұстаз Әсет Кемпіреков мектеп бітіретін 11 класс оқушиларының бір тобына паспорт тапсыру рәсіміне бірінші болып иесі болды. Бір қызығы Сапарғали шәкіртіне ұстазынан кейін кезек тиіп, екі оқушыға азаматтық документ тапсырып:

Әсет ағайдай Отанының адал азаматы бол, деп дәмді тілек айтты.

Ұстаз бен шәкірт бір-біріне қарады. Көздерінде шаттық нұры езулеріне тәтті жымиыс үйірілді...

**Оңғарбай ШАЙЫМҚҰЛОВ.**



# АУЫЛЫМЫЗДЫҢ АПТАЛ АЗАМАТЫ

Сонау 1941-45 жылдардағы сұрапыл отты күндерді ешкім ұмыта қойған жоқ. Ауылдағы қалған аз ғана қарт майдангерлер сол Ұлы Отан соғысының көзі тірі шежіресі іспетті. Бүгінде олардың қатары күн санап азайып барады. Ауылымыздың аптал азаматы, педагог Әсет Кәмпіреков ағайды «Қаракемер» совхозының жастары жақсы біледі. Өйткені ағай жастармен бас қосқан жерлерінде Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарынан әңгіме қозғап, еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен өз замандастары жайлы қызықты әңгімелер айтып береді.

Әсет ағай 1923 жылы осы «Қаракемер» жерінде дүниеге келген екен. 9 класты енді бітіріп, дүниеге көзқарасы қалыптаса бастаған шақта фашист басқыншылары елімізге опасыздықпен шабуыл жасады. Әсет ағай жастығына қарамай, әскер қатарына өз еркімен сұранды. Сөйтіп 1942 жылы 10 қантар күні ауылымыздың 9 жасөспірімі майданға аттанды. Әсет ағай бірден Көкшетау қаласындағы кіші командирлер даярлайтын алты айлық курсқа жіберілді. Оны жақсы бітіріп шыққан Әсет ағайды бұдан кейін Бішкек қаласындағы әскери училищеге жібереді. 1944 жылдың қараша айында училищені үздік бітіріп, офицер атағын алған ағай майдан жолын Великие Луки қаласы маңынан бастайды. Ол үшінші Белорус майданының 150 дивизиясының 756 атқышгар полкында қызмет атқарады. Майдангер аға Польша жерін де жаудан азат етуге қатысады.

Берлин үшін болған шайқас оңайға түскен жок еді. Қаланың қақ ортасынан өтетін Шпрее каналының арғы бетіне жау орналасқан. Құзғындардың ордасы Рейхстаг та көрініп тұрды. Рейхстагқа ту тігу Әсет Кемпіреков ағайдың қызмет етіп жүрген полкына тапсырылды. Шпрее үстінен салынған көпірді алу Әсет ағайларға міндеттелінді. Ол өзінің жауынгерлерін бастап, шабуылға шықты. Көпір де алынды. Жау да тойтарылды. Рейхстагқа жол ашылды.

Қызыл Туды қолға ұстап, алға ұмтылған лейтенант Әсет Кемпіреков кеудесінен оқ тиіп, ауыр жараланды. Соғыс одан әрі тоқтамады. Уралаған Рақымжан Қошқарбаевтың жауынгерлері Рейхстагқа бірінші болып жетіп, оның бірінші қабатына алғашқы Жеңіс туын тікті.

Соғыстан кейін Ф. М. Зинченконың «Герой штурма Рейхстага» атты кітабы шықты. Бұл кітапта майдангер ағамыз Кемпіреков тің де ерлік жолдары баяндалған. Берлин үшін болған ұрыстағы көрсеткен ерлігі үшін Әсет ағай бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

1947 жылы елге Жеңіспен оралған Әсет ағай бейбіт еңбекке араласып кетті. Өзі оқыған мектепте ұстаз болды. 1962 жылы Шымкент педагогикалық институтының физика - матаматика факультетін сырттай оқып, бітірді. Содан жиырма жыл Қаракамер орта мектебінің директоры болып қызмет атқарып, көптеген шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, өмірге қанат қақтырды. Бүгінде Әсет ағайдың шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр.

Бүл күндері Әсет ағай зейнеткер. Ол әрдайым мектеп оқушыларымен кездесулер өткізіп, өзінің өткен өмір жолдары жайлы әңгімелеп береді.

Мерекеңіз құтты болсын, аяулы ұстаз! - демекпіз.

**Қарлығаш ТАҢҚАЕВА,**
**Төле би мектебінің оқушысы.**



# БОЛАР ЕЛДІҢ БАЛАСЫ...

Жуырда Қаракемер ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Әсет Кемпірековке Ақмола қаласы әкімнің орынбасары – Ақмола арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесі департаментінің бастығы А. А. Шәкіровтен мына мазмұндас хат келді.

«Ақмола» АӘА әкімшілік кеңесі аппараты Сіздің әкімнің атына жазған хатыңызды мұқият оқып, талдап мынаны хабарлайды. Қапалық мәслихаттың кезектен тыс бірінші шақырылған 1997 жылдың бесінші қарашасындағы 7 сессиясында Рахымжан Қошқарбаевтың есімі Ақмола қаласы көшелерінің біріне берілді».

Әсекеңнің қанды көйлек қарулас досының әруағы алдындағы парызын өтеу мақсатында жасаған ұсынысы осылай қолдау тауыпты. Оған біз де қуаныштымыз. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» деген осы ғой!

**Болат ЖАППАРҰЛЫ.**

**ЕСКЕРТУ: ол кезде астана аты өзгертілген жоқ болатын!**



**Рақымжан ҚОШҚАРБАЕВ пен Әсет КЕМПІРЕКОВ Москвада. Кремль, 1985 ж.**

# ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН

Түстен кейін қақпа алдына шыққан Әсет почта жәшігіне көз салды. Жаңа келген газеттерді қолына алып, үйге беттеді. Жылдар бойы күн сайын газет-журналдарды қалдырмай оқуды дағдыға айналдырғаны соншалық, ол үнемі почтаның келуін тағатсыздана күтетін. Бүгін де Әсет, бөлмеге кіре қолындағы газеттерді жазғанда арасынан қос хат сусып еденге түсті. Жылдам көтеріп алған ол сыртындағы адресіне асыға көз жүгіртті. Бірінші хат Совет Одағының Батыры Ф. М. Зинченкодан келген екен. Онда бұрынғы 756-шы полктің командирі Ф. М. Зинченко осы полк взводының бұрынғы командирі Әсет Кемпірековті алдағы Жеңіс мерекесімен құттықтай отырып, Москва қаласында өтетін полктастар кездесуін ескертіпті. Ал, екінші хат 150-ші дивизия полктастарының кездесуіне арнайы шақыру болып шықты. Онда былай делінген:

**-Құрметті Әсет Кемпіреков, жолдас!**

**Москва қаласындағы № 247 мектеп және II дәрежелі Кутузов орденді Идрицко-Берлин атқыштар дивизиясының ардагерлер Советі президиумы Рейхстагқа шабуыл жасауға қатысқан Сізді Жеңіс туының тігілуіне 40 жыл толу құрметіндегі ардагерлердің дәстүрлі кездесуіне шақырады.**

**Кездесу 1985 жылдың 26-30 апрелінде № 247 мектепте өтеді (127427, Москва, Ботаническая көшесі, 9А үйі).**

Байырғы полк командирінің сәлемдеме хаты және тура 40 жылдан соң болғалы отырған полктастар кездесуі жайлы хабар ардагерді қатты толғандырды. Ой желісі оны сонау өртке оранған балаң жігіт шағына жетеледі.

... Кіші лейтенант Ә. Кемпіреков қызмет ететін 150 дивизияның 756-шы полк бірінші Белорус майданының үшінші армиясының құрамында еді. Аталмыш армия жауынгерлері Берлин бағытындағы шабуылға шыққан кезі



болатын. 756-шы полктың құрамында Ә. Кемпірековтің взводы бар екінші және бірінші батальон 1945 жылдың 21 апрелінде бірінші болып Берлин қаласының сырт аймағына ілікті. Мұнда жауынгерлердің бойларын қуаныш кернеп, қолдарындағы қаруларынан аспанға оқ атты. Жауынгерлердің сол сәттегі қуанышының сыры баршаға түсінікті еді. Өйткені олар жау ордасы Берлинге жеткен болатын. Бұл жолы полк кезекті шабуылға шыққанда әдеттегі «Ура!», «Алға!» деудің орнына әр жерден «Даешь Берлин!» деген дауыстар естілді.

Кіші лейтенант Әсет Кемпірековтың взводы қалаға алғашқылар қатарында енді. Қиян-кескі ұрыс. Қорғаныс орнына айналған әр үйді алу оңайға түскен жоқ. Қарша бораған оқтың астында алға қарай қадам басуға мұрша келер емес. Қысылтаяң шақтан шығу шарасын шұғыл шешкен Әсет, взвод жауынгерлеріне қарсы беттегі үйге бекініп алған фашистерге тыныммсыз оқ жаудыруға бұйрық берді. Жаңбырша жауған оқтан жаудың бір сәт тасалануын пайдаланған Әсет екі бөлімді соңына ертіп, жүгірген бойда бекініске айналған үйге де кетті. Есік терезелерден ішке гранаталар лақтырды. Артынша гранаталардың жарылысынан кейін, бұлар есіктен ішке кірген бойда атыс та салды. Осылайша бір үйден соң бір үйді алған олар қаланың қалың ортасына қарай жылжи берді. Айналада әр көше, әр үй үшін қиян-кескі ұрыс жүріп жатты. Түтін мен шаңға көмілген қаладан кейде біздің әскерлердің қайда екенін, жаудың қайда екенін аңғаруда қиын еді.

25-нен 26 апрельге ауысқан түні 756-шы полк Рейхстагқа қарай бағыт алуға бұйрық алды. Бұл полк командирлеріне, жауынгерлеріне көрсетілген үлкен құрмет еді. Таңға жуық полк Фербиндунге қамалына жетті. Екінші батальонға көпірді алу тапсырылған еді, бірақ алғашқы шабуыл нәтижесіз болды. Өйткені көпірдің арғы бетіндегі квартал күшті қорғаныс ауданына айналған. Ондағы әр бір үй бір-бірімен жер асты және инженерлік қорғаныс құрылыстары арқылы байланысқан біртұтас қамалға айналған. Сәскеде

көпірді алуға екінші рет әрекет жасалынды. Батальон командирі, капитан И. В. Клименков командалық пунктте рота және взвод командирлерін шақырып, тапсырмалар берді. Рейхстагқа жол ашар бұл шабуылдың аса маңыздылығын түсіндірді.

Әсет Кемпіреков өзінің взводымен көпірге жақын үйдің подъезінде тұрды да, шабуыл белгісін күтті. Жау бекінісін нысанаға алып біздің артиллерия оқ жаудырды. Артиллериялық дайындық басылған шақта екінші батальон шабуылға көшті Әсет жауынгерлерге үнсіз қол бұлғап алға бастады. Әр жерден бой көтерген батальон жауынгерлері көпірге ұмтылды. Фашистер аянбай қарсыласуда. Біздің жауынгерлер жүгірген бойда оқ ата көпірге жетті. Ештеңені естіп аңғаруға болмайды. Әсет көз қырымен өз жауынгерлерінің оққа ұшқан талайын байқады. Бірақ, оларға көмек беріп, қастарына аялдауға мүмкіндік жоқ. Сондықтан да ол автоматтан үздіксіз оқ ата жүріп, жауынгерлерін көпірге қарай бастай берді. Бұл жолы батальон көпірден өту арқылы қоймалар мен темір жол бөлігін басып алды.

Жау көпірді әлі де өздерінің бақылауларында ұстады. Көпірден екінші батальон өткенмен полктің негізгі күші өте алмады. Соғыстың осы бір кезеңі туралы Совет Одағының Батыры Ф. М. Зинченко өзінің кітабында былай деп жазған: «Берлин үшін болып жатқан ұрыстың ең ауыр түні екінші батальон жауынгерлеріне түсті. Ес жиып, өзіне өзі келіп алған гитлершілер Сименштрассе және темір жол бөлігі жағынан бірінен соң бірі төрт рет шабуылға шықты. Батальон бұл соққыға төтеп беріп, негізгі күштің өтуіне мүмкіндік жасады».

Бұдан соң Ә. Кемпірековтің взводы бүтін бір кварталды алып жатқан финанс министрлігінің бес қабат үйінде орналасқан Моабит түрмесін алуға да тікелей қатысты. Шпрее өзеніндегі Мольтке көпірі ең соңғы бекініс болғандықтан Берлиндегі ең үлкен қорғаныс күші осында орналасқан. Өйткені Рейхстагқа апаратын жол осы көпір арқылы өтеді және көпірден фашистердің ордасына дейін



небәрі 500 метр жер болатын. «Отты» көпір аталған бұл көпірден өту оңайға түскен жоқ. Қарша бораған оққа кеудесін тосқан бірінші және екінші батальон жауынгерлері фашистердің мықты тосқауылын бұзып өтті. Кіші лейтенант Ә. Кемпіреков взводы «Гиммлер үйіне» бірінші болып шықты. Олар мұнда эсестік қорғаныс бөлімімен шайқасты. Үйдің әр баспалдағы, әр бөлмесі үшін ұрыс жүріп жатты. Әсет өзінің взводымен үйдің оң жақ қанатына қарай беттеп граната лақтырып, автоматтан оқ атып өздеріне жол ашты. Ұзыннан ұзақ әрі қалтарысы мол коридордың барлық жағынан қауіп күтуге болатын еді. Фашистер қанша жанталаса қарсыласқанмен жауынгерлердің жігерін жасыта алмады. Ұрыс түн бойына ұласты. Әсет өз взводымен үйдің подвалына түсіп көз түрткісіз қараңғылықта жаудың жасырын орындарына бекінген фашистермен шайқасты. Тек таңға жуық қана олар подвалдағы жау тобын талқандап сыртқа шықты. Бұл кезде де үйдің үстіңгі қабаттарында ұрыс жүріп жатқан. Ертеңгі жетіде «Гиммлер үйі» гитлершілерден толық тазартылды. Сонда ғана сынық терезеден сыртқа көз салған Әсет 300-350 метрдей қашықтықта түтінге оранған Рейхстагтің үлкен үйін көрді. Барлық жауынгерлер терезеден Рейхстагқа қарасты. «Ақыры мақсатымызға жеттік-ау», «Соғыстың ақырына дейін жеттік-ау!» деген қуанышты сөздер жауынгерлердің жүрек түкпірінен шығып жатты.

Шешуші шабуыл басталған шақта екінші батальон түтінге бой тасалай отырып, «Гиммлер үйінен» Рейхстагқа дейін небәрі 200-250 метрдей ғана қалды. Бірақ, әрбір метр алға жылжу қиын-ақ, алаңның әр бұрышынан Рейхсаг пен оған жақын орналасқан үйлерден еліспей-беріспейміз дегендей ызаланған жау оқты қарша боратуда. Рейхстагтың өзі алынбас қамалға айналған.

Сәскеде фашистердің ату ұяларын біздің жақ артиллериямен төпей бастады. Осымен бірге берілген белгі бойынша Рейхстагқа 756 полктің бірінші екінші батальоны шабуылға көтерілді. Жаудың бората атқан оқтары батальонды орындарынан көтертпеді. Өзінің

шестелігінде Совет Одағының Батыры Ф. М. Зинченко былай деп жазады: **«Енді бір сәтте танктер мен самоходкалардың көмегімен гитлершілдер 500 адамнан екі қатар тізбек құрып шабуылға шықты. Олар сап түзеген бойы автоматтардан оқ жаудырып, біздің оқ атуымызға қарамай алға жылжи берді. Бұлар эсестер, Гитлердің жеке күзетіндегі жаудың соңғы резерві еді.**

**4-ротаның командирі, аға лейтенант Печерских жаралы, ал взвод командирлері кіші лейтенанттар Қабдолла Құскенов және Әсет Кемпіреков ауыр жаралы болды. Бірақ, Печерских сияқты оларда соғыс алаңын тастаған жоқ».**

Кіші лейтенант Әсет Кемпіреков басынан жараланды. Оның жарақатын санитарлық бөлімінің санитарлары таңып берді. Бірақ ол жауынгерлерінің қасынан кетпеді. Жарақаты ауыр болсада өзінің взводын басқарып, шабуылға көтеріп отырды. Жау да барынша қарсыласып бағуда. Артиллерияның көмегімен жауынгерлер тез қимылдай отырып Рейхстагқа жетті. Әсет Кемпірековтың взводы жау ордасының ішіндегі қиян-кескі ұрысқа кірісіп, фашистерді ығыстырып бара жатты.

Көп ұзамай-ақ полктас достары 756 полктің барлаушылары М. Егоров пен М. Кантария Рейхстаг мұнарасына Жеңіс туын тікті. Рейхстагқа шабуыл жасаған 756-шы полктің командирі, Рейхстагтың бірінші коменданты Совет Одағының Батыры Ф. М. Зинченко Рейхстагқа штурм жасаған батырлар жайлы кітабында былай деп жазды: **«Пулеметші Лаврентеевич Терещенко Донбастан болса, жауынгер Иван Куприянович Савченко гомельдік еді. Ал, жауынгер Абдолла Ағашев Өзбекстаннан, кіші лейтенант Әсет Кемпіреков Жамбыл облысынан, жауынгер Марк Дмитриевич Оату Молдавиядан, сержант Вачик Давидян Армениядан еді. Бұлар әр ұлттың өкілдері болса да бір семьяның адамдарындай ұйымшыл болатын. Егоров пен Кантарияның Жеңіс туын тігуіне Даңқты Совет елінің осындай батыр ұлдары жол ашып беріп отырды».**



Содан бері тура 40 жыл өтті. 756-шы полктің даңқты жауынгерлері осында жылдан кейін кездесіп отыр. Бұл жолы Қызыл алаңда ардагерлер салтанатты пионерлік линейкаға қатысып В. И. Ленин мавзолейіне, белгісіз солдат қабіріне веноктар қойды. Олардың ішінде Жеңіс солдаты, взвод командирі, лейтенант Әсет Кемпіреков те бар еді. Ол бүгінде Қазақ ССР ағарту ісінің озаты, республиканың еңбек сіңірген мұғалімі, республикалық дербес пенсионер.

**Б. СЫРЛЫБАЕВ**

## БОЙ ПЕРВЫЙ, БОЙ ПОСЛЕДНИЙ

Последним был урок истории. Уже после прозвучавшего звонка пожилая учительница поставила в классном журнале «пятерку» напротив фамилии Асета Кемпрекова. За обстоятельный ответ по теме освобождения Крыма от белогвардейцев Врангеля...

Да, тот урок был последним для десятиклассника Кемпрекова не тлько в этот солнечный январский день. Последним был вообще. Дома юношу ждала повестка из райвоенкомата, дома уже плакала мать...

Сводки с фронтов в те первые дни сорок второго утешительного пока сообщали мало: наши войска, ведя изнурительные бои с немецко-фашистскими захватчиками, отступали в глубь страны. Туда, на фронт шли эшелоны с пополнением.

В очередном эшелоне ехал и Асет, его новые товарищи. Сквозь перестук летят к ним отдаляющиеся голоса матерей: «Сыночки, берегите себя, возвращайтесь с победой!»

Они будут слышать эти голоса за сотни, за тысячи километров от родного Джамбула. Они выполнят материнские напутствия, наказ матери - Родины! Они добудут Победу!

А до победы еще было очень неблизко. Обеспечить ее могли только воины умелые, грамотные, бесстрашные. Несколько разочаровался Асет, когда новобранцев выгрузили в далеком от фронта Кокчетаве: «будете учиться в полковой школе...» И тут же наступили спрессованные армейские будни. Надо было научиться ходить в строю, уметь быстро окапываться, владеть автоматом, бросать гранаты... Да мало ли что должен уметь солдат! У Асета все получалось, и командир взвода то и дело ставил его в пример другим. А в село шли письма родным! «Учеба идет хорошо - скоро на фронт, бить фашистов». Но после окончания полковой школы - опять разочарование. Новый приказ: направить в училище. Не выдержал солдат, обратился, нарушив субординацию, к командиру роты: «Что же я, так всю войну и буду учиться?» Тот выслушал его, как всегда спокойно: «Не торопись, сынок, хватит на твою долю фрицев, вон они куда прут, к Волге....»

И снова учеба, уже почти рядом с отчим домом, во Фрунзе. Но теперь - еще более напряженная. Пехотному офицеру надо много знать, многое уметь, чтобы твой взвод или рота с наименьшими потерями выполняли боевую задачу. Учились все настойчиво, упорно, с одним желанием быстрее уехать на фронт... Конечно же, не знал тогда Асет, что ему придется ставить последнюю точку в этой кровопролитной войне.... Даже после первого боя на берегах Ловати, у Великих Лух, не мог себе представить младший лейтенант Кемпреков, что настанет последний бой, уже на берегах Ширее.

Сейчас обо всем этом мы хорошо знаем из истории. 30 апреля 1945 года на фоне рейхстага развевалось победное знамя Красной Армии. Знамя Победы водружали разведчики 756-го стрелкового полка 150-й стрелковой дивизии М. А. Егоров и М. В. Кантария. Именно этот полк, пройдя с боями от Великих Лух, первым вышел на окраину Берлина,



первым преодолел Фербиндунгс - канал, пробился сквозь кварталы Либабита, вышел к мосту Мольтке и захватил его. Форсировав Ширее и успешно закончив бой в здании Министерства внутренних дел, 756-й полк в числе самых первых вышел к рейхстагу...

Из воспоминаний командира 756-го полка Героя Советского Союза полковника Ф. М. Зинченко, вышедших в 1983 году в Военном издательстве в Москве: «Пулеметчик Николай Лаврентьевич Терещенко из Донбасса и боец Иван Куприянович Савченко с Гомельщины, боец Абдула Агашев из Узбекистана и младший лейтенант Асет Кемпреков из Джамбулской области, боец марк Дмитриевич Оату из Молдавии и сержант Вачик Давидян из Армении, все их боевые друзья и побратимы, сыны разных народов, но единой Отчизны, славной Страны Советов, прокладывали путь этому Знамени, которые несли Егоров и Кантария».

Сегодня Асет Кемпреков не без волнения вспоминает те незабываемые дни. Много было боев при его участии и на нашей Советской Земле, и в Польше, и в Германии. Но эти, на улицах Берлина, запомнились особо - шел конец войне.

- Контратаки немцев следовали одна за другой - говорит ветеран. - Они шли с исступленностью фанатиков, не обращая внимания на наш огонь. Шли на неминуемую и абсолютно бессмысленную гибель. Что они могли спасти и что защитить? Германию, рейхстаг? Позже мы узнали, что это были эсэсовцы из личной охраны Гитлера, его последний резерв. Пришло возмездие...

Основной удар гитлеровцы нанесли по четвертой роте, прикрывавшей левый фланг полка и занимавшей позиции вдоль рва перед рейхстагом. Командир роты старший лейтенант Печерских приказал подготовиться к рукопашному бою. В этот момент его настигла вражеская пуля, ранение оказалось очень серьезным. Но командир продолжал руководить боем. Тяжелые ранения получили и командиры взводов Асет Кемпреков и Кабдула Кускенов, но по примеру Печерских поля боя не покидают...

До рейхстага оставалось 250 метров. Последних метров войны.

Из воспоминаний Маршала Советского Союза Г. К. Жукова: «Непосредственный штурм здания рейхстага осуществляла усиленная 150-я стрелковая Идрицкая дивизия(3-й ударной армии), во главе стоял опытный генерал Герой Советского Союза В. М. Шатилов...».

Василий Митрофанович Шатилов. Имя этого генерала стоит в одном ряду с лучшими полководцами Великой Отечественной. Вот он на этом снимке, сделанном в дни празднования 40-летия Великой Победы в Москве.



Генерал-полковник Шатилов.

— Эта встреча, — рассказывает Асет, — состоялась по инициативе Президиума Совета Ветеранов 150-й стрелковой Идрицко-Берлинской ордена Кутузова второй степени дивизии. Она проходила в средней школе № 247 г. Москвы. Кстати, адрес этой школы такой: 127427, Москва, ул. Ботаническая, 9А. Возможно, кто-либо из однополчан, ныне живущих в Джамбулской области, откликнется. Мы будем рады. Ну, а встреча у нас, тем более, что она проходила в дни празднования 40-летия Великой Победы, была особенно памятной, волнующей, трогательной до слез. Ветераны дивизии и нашего 756-го полка возложили венки цветов к Мавзолею Владимира Ильича Ленина и к могиле Неизвестного солдата, присутствовали на торжественной пионерской линейке на Красной площади, знакомились с музеем боевой славы 247-й школы. А еще были нескончаемые беседы, воспоминания однополчан. О боях, о товарищах, кото-



рые своей жизнью заплатили за победу, о послевоенной и сегодняшней жизни.

Тут Асет прерывает свой рассказ, подходит к книжному шкафу, достает книгу в красном переплете. «В боях рожденное Знамя». Выпущена московским издательством «Советская Россия» в 1985 году. Автор — В. М. Шатилов. Книга с дарственной надписью: «Асету Кемпрекову — с уважением автор». И подпись, число...

Через четыре десятилетия книга напомнила солдату его юность в серой шинели. И вновь вызвала не проходящее чувство победителя.

Он всегда оставался таким, все эти годы — победителем. В любое дело вкладывал всего себя, без остатка. После войны учительствовал в селе Ильич, потом почти двадцать лет возглавлял коллектив Каракемерской средней школы. Многим и многим привил любовь к родной земле, воспитал настоящих патриотов. Заслуженный учитель и отличник просвещения Казахской ССР, участник Всесоюзного съезда учителей в Москве... Не так давно передал школу своему ученику Ушкемпиру Садыбекову... Но разве отойдешь от этих беспокойных школьных дел? Вот и после нынешнего приезда из Москвы поспешил в школу. Чтобы рассказать обо всем педагогам и учащимся. Чтобы еще раз встретиться с ними, окунуться в эту звонкоголосую атмосферу всей своей жизни.

Сорок лет назад, 24 июня 1945 года, на параде Победы Знамя 150-й стрелковой дивизии было торжественно провезено на специально оборудованном автомобиле по Красной площади впереди сводными полков фронтов. Асет Кемпреков в этот день был далеко от Родины — продолжал службу в поверженном Берлине. Но он, как и все однополчане, был несказанно горд тем, что Парад победитилей открывался провозом Знамени его родного соединения. Эта гордость осталась в нем до сегодняшнего дня. И в сердце, и в каждодневных будничных делах.

**С. МИХАЙЛОВ.**

# ВСТРЕЧА С ГЕРОЕМ

**Такие праздники в школе всегда особенные. Без детских шалостей, без обжигающей слух музыки.., потому что в школе - почетный гость - герой войны, человек, принесший детям свое мужественное сердце, закаленное в грохоте войны, в сложных заботах мирной жизни, свои мысли - наставления, мысли - воспоминания.**

К нему, гостю, увешанному орденами за боевые заслуги, человеку-герою, участнику штурма рейхстага Асету Кемпрекову, потянулись со всей детской искренностью и любознательностью участники праздника, посвешенного Году преемственности поколений, в сш. 21 г. Тараза.

Да, у Асета Кемпрекова вся грудь в орденах и медалях. Он весной 1945 штурмовал рейхстаг.

За его плечами не только годы войны, но трудные годы мирной жизни: 20 лет работы директором школы в с. Каракемер. У него высшее образование, прекрасная казахская и русская речь, завидный ясный ум, высокое сознание савоего гражданского и человеческого достоинства. Такие же достоинства и у его дочери, тоже математика, учителя высшей категории Орал Асетовны. «Отец для меня - самый значительный и яркий пример. Всегда волнуюсь рядом с ним»,- сказала в своем выступлении О.А.Кемпрекова. Вот уже поистине налицо великое наследство отцовских достоинств: стремление к высокой образованности, желание быть полезной. Старшекласники, выражая свою осознанность происходящей встречи, задавали интересные вопросы, дарили улыбки, цветы, подарки. Кристина Пасечная, мастер спорта по гимнастике, Айнар Баранбаева, чемпионка республики по акробатике восхитили всех изяществом. Прекрасно спела казахскую песню «Жайдарман» Марина Бессмертная - ученица 11 класса. А маленькие первокласники братья Усмановы с большим старанием подарили узбекский танец.

Знайте, ради чего проливалась кровь! - обратилась завуч школы М.И. Кенжебаева к тем, кто не увидел войны.

Помните, что жизнь полна трудностей и красоты, живите не ради собственной выгоды, - призвал молодежь герой войны.

Асет-ага, побывав в школе, отлично понял, что здесь его всегда будут ждать и любить дети разных поколений, а главное - понимать: быть героем не легко, но без героев войны, без героев мирных будней - нет смысла жизни.

**Лилия КОРНЕВА.**

# ЖАУ ҰЯСЫН ҚИРАТҚАН.

...Шпрее каналы. Арғы бетте - жау әскері, бергі бетте - біз. Немістерге салсақ, ортадағы жалғыз көпірді жойып, Рейхстагқа апаратын жалғыз жолды жоқ қылмақ. Біз болсақ, бір кездері жауымыз салған көпірді әкемізден қалған қасиетті мұрадай жан - тәнімізді сала қорғап жатырмыз. Бүгін екінші күн, екі жақтан да бірен - саран атылған оқтан басқа ешнәрсе естілмейді. Өйткені жаппай шабуыл жасау мүмкін емес, жалғыз өткел - әлгі көпір. Немістер болса- болмаса шабуылдамайды. Олар қорғаныста...

- Лейтенант, Кемпірков! Комбат шақырады. - Түн тыныштығын бұза жеткен хабар осылай келте болды.

- Жолдас, капитан...

– Жарайды, мында жақынырақ келіңіз. Қазір артиллериялық дайындық атысы басталады. Сол атыс тоқтар тоқтамастан взводыңмен көпірден өтуің керек!

Комбат Әсетті взводымен ажалға айдап тұр. Бірақ бұйрық талқыланбайды, ол орындалуға тиіс.

Взвод жер бауырлап алға жылжып келеді. Көзге түртсе көргісіз соқыр қараңғылық. Бірақ басыңды көтерсең, бітті айыраласың. Өйткені канал бойын жағалай жылжып, келе жатқан прожектор жарығынан жоғалған шиені іздеп табуға болатындай. Ал, ол жарыққа ілініп, шейіт кеткенің.

Жарық түскенде жатып қалып, жарық канал жағалап кеткенде жылжып,көпір аузына да жетті. Көпірдің екі қапталын ала сәл кейінірек атыс ұялары орналасқан. Сатыр еткен сыбырдың өзіне оқ бүркіп қоя бергелі тұр. Мақсат – солардың үнін өшіру. Жаңа, окоптан шығарда келіскеніндей, екі жауынгер екі қапталдағы атыс ұясына пулеметтен оқ жаудыруы керек-тағы, қалғандары осы сәтте көпірден жүгіріп өтуі тиіс.

Прожектор жарығы тағы бір «келіп – кеткеннен» кейін-ақ қол пулеметтер сақылдап қоя берді. Олардың қалай «сөйлеп» жатқанында Әсеттің шаруасы шамалы. «Урағa» басып көпірдің үстінде жүгіріп келеді. Соңында – солдаттары. Жау да оқты боратып жатыр. Бұлардың бір-екеуі оққа ұшып құлады. Әсет анда-санда қолындағы наганын алға қарай бір атып қояды. Әйтеуір атып қояды, ал өзі қашан оққа ұшатынын күтіп келеді.

Иә, қияметтің қыл көпірінен өтті! Енді ол біздің әскерлердің қолында. Бүкіл батальон алға лап қойды. Бейнебір тоспасы бұзылған тоған дерсің. Соғыс шығынсыз болған ба, талай боздақ оққа ұшты, талай қыршынның өмірі қиылды. Соның бірі – комбат. Кеңес Одағының Батыры, полковник Ф.М. Зинченконың «Рейхстаг шабуылының ерлері» естелігінде бұл көрініс былай суреттелген:

«...Пулеметчик Николай Лаврентьевич Терещенко из Донбасса и боец Иван Куприянович Савченко с гомельщины, боец Абдулла Агашов из Узбекистана и младший лейтенант Асет Кемпреков из Жамбулской области, боец



Марк Дмитриевич Оату из Молдавии и сержант Вачик Давидян из Армении, все их боевые друзья и побратимы, сыны разных народов, но единой отчизны, славной страны Советов, прокладывали путь этому знамени, которые несли Егоров и Кантрия...»

Соғыстың соңғыс ағаттарын осылай қарсы алған Әсет Кәмпіреков аты аңызға айналған қазақ Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагтың екінші қабатындағы терезеге Жеңіс туын желбірете қадағанын көзбен көрген куәгер.

Жауынгерлік жорығын жау ұясы Берлинде аяқтаған Әсет Кемпіреков тоғызыншы кластың партасынан майданға аттанғанда небәрі 18 жаста еді. Көкшетауда кіші командирлер даярлайтын курстан өтіп, қанды жорықты Белорусь майданы үшінші екпінді Армияның 150 дивизиясы 756 атқыштар полкі құрамында Великие Лукиде бастап, Польшаны басып өтіп Берлинде бір-ақ аяқтады.

Әсет Кемпірековтың соғыстан кейінгі барлық саналы ғұмыры ұстаздыққа арналды. Майданда алған орден – медальдарды былай қойғанда, бейбіт өмірде көріп жатқан марапаттары да аз емес. Әсет Кәмпереков – Казахстанның еңбек сіңірген мұғалімі, мұғалімдердің Бүкілодақтық III съезінің делегаты. Ал қазір ауылдағы ақсақалдар алқасының төрағасы.

**Болат ЖАПАРҰЛЫ.**

# ОТ КЕШКЕНДЕР

*Қарияны көрсең егер балдақты,*
*Ұмыпта оның көтергенін салмақты.*
*Алдын кеспе, сый көрсетіп құрметте*
*Азаматты ардақты,*
*Жауыздықпен мылтықтасқан, кектескен,*
*Оның талай жарасы бар оқ тескен.*
*Қан майданда ажалмен мың беттескен,*
*Ол бір алып, Отан үшін от кешкен.*
*Әлемге тең түссін деген жарық күн,*
*Бұл қария - сүйікті ұлы халықтың.*
*Ол бір жүрген тірі ескерткіш арада,*
*Оған ылғай құрмет көңіл танытқын.*

**Сайлаухан АШАНОВ.**

# ЖЕҢІС ТУЫНА ЖОЛ АҚШАН ЖАУЫНГЕР

9 Мамыр - Жеңіс күні жақындаған сайын Әсекең ерекше бір толғаныс үстінде болады. От - жалынмен өрілген жастық шағы еске түсе ме, әйтпесе кешегі қырғында шейіт болған қанды көйлек достарының бейнелері көз алдында тұрып ала ма, мазасызданып, тыпыршып кететіні бар. Кейін кездесулерде шерін бір тарқатқандай болады, мойнынан ауыр жүк түскендей сабыр табады. Жас келген сайын сол бір сұрапыл жылдардың елесі көмескіленер, жанында жаңғыруын қояр деп топшылайтын, онысы бекершілік екен. Сол оқ



бұршақтай жауған астаң - кестеңнен туған жерге аман - сау оралғанына осы кезге дейін таң қалады...

Әсет қағылез еді. Ауыл балаларының ішінде бойы шағын болғанымен шымыр, алыса кетсе астына түспейтін, таяқ жеп қалса, көзіне жас алмайтын, кім білсін, «анасыз жетім - тас жетім», болғандықтан ба кінәмшілдеу, кеткен есесін қайырмай тынбайтын өжеттеу болып өсті. Анасы Анардан екі жасында қалған ұлына Мәуленқұл кәлпе қатты зекіген емес. Жамбыл ауданының Данай ауылында өзі тұрғызған мешітіне мұны жиі ертіп баратын. Құранын оқып, ғибадатын жасап, Алла алдындағы борышынан құтылған соң бір сәт Әсетке дін сабағын үйрететін еді жарықтық. Сол тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - біреуге қиянат жасамау, ұрлық - қарлықтан, ішкіліктен аулақ болу, үлкенге - ізет, кішіге - кезек. Бұрынғыда өткен бір дана: «Баламен алты жасқа дейін патшамен сөйлескендей сөйлес, алты жастан 16 жасқа дейін құлмен сөйлескендей сөйлес» деген екен. Бүгін байқап отырса, бұл 16 жасқа толғанда көз жұмған әкесі Әсетпен құлша сөйлеспепті. Қасынан екі елі қалдырмай ертіп жүріп, кейін бүкіл өміріне үзілмес өзек болып өрілген ғибрат сабақтарын оның бойына шым - шымдап сіңіре беріпті, сіңіре беріпті. 11 перзентінің сегізі бірдей жылан жылы аштықтан үзілгенде, кейін молдалығы үшін түрменің тар төсегіне таңылғанда артында сәулеленіп қалар үміт отын жағатын осы Әсет болар деп ойлаған шығар, бәлкім!

Түрме демекші, Мәуленқұл кәлпе тұтқында отырып та бес уақыт намазын қаза етпепті. Мезгілі келгенде қолына шәугімін алып, аулаға шығады екен, осы кезде қара құлып салынған есік өзінен өзі ашылып кететін көрінеді. Бұл жайды Әсет кейін түрменің бір надзирателінен естігені бар-ды.

Майданға өз еркімен сұранып кетіп, Көкшетаудағы полк мектебін, кейіннен Фрунзе қаласындағы әскери училищені тауысып, кіші лейтенант шенінде Великие Луки қаласында алғаш соғысқа кіргенде, Рейхстагты қоршауға алған жан

алысып, жан берісу үстінде Әсетке сол әке аруағы қолдау көрсеткендей болады да тұрады.

- Неміс фашистерінің соңғы апаны - Рейхстагты қай армиядағы қай полктің алатыны Жоғарғы Қолбасшының ставкасында шешіліпті, - дейді Әсет аға - Жеңіс туын бір орыс және бір грузин жауынгері тігуі тиіс деп ұйғарылған, себебі, орыс - ұлы халық, ал Сталин - грузин.

Үшінші екпінді армия құрамындағы 150 атқыштар дивизиясының 756 атқыштар полкінен орыс М.А. Егоров пен грузин М.В. Кантария Жеңіс туын тігеді, соған басқалары жол ашады, жағдай жасайды деп жоғары жақта келісіледі.

Әсет Кемпіреков басқарған взвод осы екі адамның ту тігуіне барлық мүмкіндікті туғызады. Олардың алға жылжуы барысында қауіпті деген ату нүктелерін жойып отырады. 1945 жылдың 26-30 сәуірінде шайқас тіпті қияметке айналады. Гитлердің жеке өзінің оққағарларынан тұратын эс-эстер нағыз фанаттар еді.

Міне осынау ұлы шайқастың бел ортасында екі қазақ жігіті - қос офицер Рақымжан Қошқарбаев пен Әсет Кемпіреков жүрді. Рақымжан атқосшысы Булатов екеуі Рейхстагқа бірінші болып кіреді де, екінші қабатта жараланып қалған батыр қазақ Булатовты иығына шығарап болконға ту тіккізеді. Осы кезде «урапаған» дауыс жер - көкті жаңғыртады. Қардай жауған оқ астында бүғып жатқан жауынгерлер аруақтанып кетеді де, лап қояды. М.А. Егоров пен М.В. Кантария неміс фашистері соңғы апанының күмбезіне Жеңіс туын қадайды.

Кейін полк командирі, Совет Одағының Батыры Ф.М. Зинченко сап алдында Әсет Кемпірековтің омырауына I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін қадап тұрып: «Біз сені Совет Одағының Батыры атағына ұсынап едік, бұйырғаны осы болды, ренжіме», - деп арқасынан қағады, кешірім сұрағандай болады.

Москвадағы әскери баспадан Ф.М. Зинченконың «Герои штурма Рейхстага» деген кітабы 1983 жылы жарық көрді. Соның 142 бетінде:... «Взвод командирлері, кіші



лейтенанттар Қабдолла Қаскенов пен Әсет Кемпіреков ауыр жараланғандарына қарамастан ұрыс даласын тастамады» десе, 162 бетінде:»...жауынгерлер: пулеметші, донбостық Николай Лаврентьевич Савченко, Өзбекстаннан Абдулла Ағалиев, молдавиядан Марк Дмитриевич Оату, Арменияпан Вагик Давидян, Жамбылдан кіші лейтенант Әсет Кемпіреков - майдандас, бауырлас жауынгерлер, түрлі ұлт өкілдері болғанымен біртұтас даңқты Совет Одағының ұлдары - Егоров пен Кантарияның Жеңіс туын желбіретуіне жол ашты» деп жазды.

Соғыс бітті. Халық 1418 күн мен түн бойы қырғын салған ауыр шайқастарда түскен жараны жазуға кірісті. Әсет аға бейбіт еңбекке араласты. Шымкент педагогтік институтын бітірген соң ұстаздық қызметке біржола бет бұрды. Жиырма жыл бойы Жамбыл ауданындағы Қаракемер орта мектебінде директор болды. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, Кеңес Одағының, Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі атақтарын алды, түрлі дәрежедегі марапаттауларға ие болды.

Әсет аға әңгімесін кілт үзді де, бір кітапты көрсетті. Бұл 150 атқыштар дивизиясының командиры, Совет Одағының Батыры, генерал В.М. Шатиловтың Москва қаласындағы «Советская Россия» баспасынан 1985 жылы шыққан «В боях рожденная Знамя» деген кітабы екен. Оның бірінші бетіне автор: «Әсет Кемпірековке, шынайы сый көңілмен» деп жазыпты.

- Ол кісімен қай жерде кездестіңіз? - дедім.

- Ұлы Жеңістің 40 жылдығын тойлау кезінде Москва қаласында дивизия ардагерлері бас қосты. В.И. Лениннің Мавзолейіне, белгісіз солдаттың қабіріне гүл шоқтарын қойдық, суретке түстік.

Осылай деді де Әсет аға екі суретті көрсетті, біреуінде дивизия туын Егоров ұстап тұр.

Дивизияның туы екеу болған ба? - дедім таңданысымды жасыра алмай.

- Інім, бұл жерде бір жағдай болды. Суретші түсіре бастағанда ту Егоровтың қолында еді, девизия ардагерлер

кенесінің пезидиумы солай шешсе керек. Бір кезде Рақымжан Қошқарбаев Егоровтың қолынан туды жұлып алды да, менің жаныма келіп тұрды. Екінші суреттің осындай құпиясы бар. Сонда дивизия командирі Шатилов та, басқа ардагерлер де Рақымжанға: «Мұның не?» деп айта алмады... Дәл осы тұстағы Рақаңның көңіл - күйін қапысыз түсіндім. «Сен орыстығыңнан Совет Одағының Батыры атағын алдың, маған тигені Жауынгерлік Қызыл Ту ордені ғана болды» деген реніштің көрінісіне жорыдым. Басқалары да осылай ұқты ғой деймін, жақ ашпағандары - шындықтан аттай алмағандары. Рақаң нағыз батыр болатын. Ол кісі тірі кезде асқар таудай арқа тұтатынбыз. Қазір Қазақстанда Жеңіс туына жол ашқандардан менен басқа екшім қалмады ғой, 75 жастамын, енді қанша өмір бары бір Аллаға ғана аян...

Әсекеңнің жүзі құбылып, көзі жасаурап қалды. Бұл кісіде де бір реніш табы бар сияқты. Жамбыл облыстық әскери комиссариаты 1995 жылы «Даңқ» орденіне ұсыныпты, бірақ ала алмапты, жеңіл автокөлік сұрапты, бірақ ала алмапты. Тізе берсек, осындай бірқатар көп. Көзі тірісінде көрсетілмеген сый - құрметтің бақилық болған соң керегі қанша. Әсет Кемпіреков қандай құрмет көрсетсек те тұратын азамат. Ерлерімізді сыйлай алмау елдігімізге сын емес пе? Осы сауал ардагерді қайдам, менің көкейімде ұзақ уақыт тұрып алды...

**Қыстаубай БАЙТУОВ**



# МАЙДАННАН ХАТ

*Майдандағы - балаңнан,*
*Қабылда сәлем, анажан,*
*Жауды қуып даламнан*
*Қасына барам, анажан.*

*Алаң болма мені ойлап,*
*Қатарыммен біргемін,*
*Соғысқа кіріп «уралап»,*
*Жауды қуып жүргенім.*

*Борап оқтар зулайды,*
*Тисе қырқып, турайды.*
*Күркіреп күндей зеңбірек,*
*Ажал әнін жырлайды.*

*Танкілер естен тандырып,*
*Жердің үстін жандырып,*
*Келеді жайпап даланы,*
*Артына жал-жал қалдырып.*

*Аузынан жалын төгеді,*
*Ажал оғын себеді,*
*Каймықпай біздің солдаттар*
*Тойтарыс беріп келеді.*

*Осындай шайқас ішінде,*
*Көрмеген бабам түсінде*
*Мен жүрмін, ана қан кешіп*
*Оған қорқып, күрсінбе.*

*Партия мен Отанның*
*Сүйікті ұлы бола алам*

*Сағынышпен ортаңа,*
*жауды жеңіп оралам.*

*Дұшпаныма қаталмын,*
*Ойлама көп жабығып,*
*Өліп кетсем жатармын,*
*Тарғыл құмды жамылып.*

*Тұрам қарсы дауылға,*
*Не қиямет көрсем де,*
*Оқ боратып жауыма,*
*Отан деп өлем өлсем де.*

*Жоқ, жоқ, ана, сене бер,*
*Өмір сүрем әлі де,*
*Қуанышқа кенелер,*
*Достарымның бәрі де.*

*Елге барар күн жақын,*
*Жеңіс туын жайнатып,*
*Төбеде тұрып қарсы алғын,*
*Ауылды жинап тойлатып.*

*Қамықпа, анам, камықпа,*
*Түзеліп әлі-ақ сәніміз.*
*Жеңіс келіп халыққа,*
*Жарасады әніміз.*

*Мұң болмасын ойыңда,*
*Етпесін жанды ұйым дал.*
*Ұлыңның келер тойына,*
*Одан да мықты дайындал.*

**Қасым ӘШІМОВ.**



# И ПАМЯТЬ ЖИВА, И СЕРДЦЕ ХРАНИТ...

Да, не умолим бег времени, но героическое прошлое по сей день живет в народе. Вот уже приближается и 50-летие Победы в Великой Отечественной войне над Германией и ее союзниками. До сих пор живы в памяти и воспоминаниях ветеранов города политые кровью наших бойцов, братские могилы с похороненными в них боевыми товарищами.

Активное участие в войне принимали и наши земляки. Так, о Кемпирекове Асете даже упоминается в книге писателя Ф.М. Зинченко «Герои штурма рейхстага».

«Основной удар гитлеровцев, - говорится в ней, - говорится в ней, - пришелся на четвертую роту, прикрывавшую левый фланг полка и занимавшую позицию вдоль рва перед рейхстагом... Тяжело ранены командиры взводов, младшие лейтенанты Кабдулла Кускенов и Асет Кемпреков, но по примеру Печорских поля боя не оставляют... Пулеметчик Николай Лаврентьевич Терещенко из Донбасса и боец Иван Куприянович Савченко с Гомельщины, боец Абдулла Агашев из Узбекистана и младший лейтенант Асет Кемпреков из Жамбылской области, боец Марк дмитриевич Оату из Молдавии и сержант Вачик Давидян из Армении, все их боевые друзья и побратимы, сыны разных народов, но единой Отчизны, славной Страны Советов, прокладывали путь к этому знамени, которое несли Егоров и Кантрия».

Армия великой страны, где люди всех национальностей жили раньше дружной семьей, не могла не победить. Несмотря на то, что за последние годы мы поделились на ближнее и дальнее зарубежье, ветераны по-прежнему не теряют связи между собой. Нельзя без волнения читать поздравительную открытку, которую прислал Кемпирекову А. Его русский боевой товарищ из города Симферополя Акишев Г.Т. «Здравствуй мой дорогой однополчанин Асет!

- пишет ветеран, - Поздравляю тебя и всех твоих родных и близких с Новым годом. Пусть этот год снова соединит наши народы в единую дружную семью. Нам с вами делить нечего. Пусть грянет гром и испепелит молния тех, кто нас хочет развести». В словах старого солдата Григория Акишева заключен глубокий смысл, который должен заставить задуматься каждого здравомыслящего человека.

После окончания Великой Отечественой войны А. Кемпреков продолжает высоко нести звание ветерана. Так, он более 20 лет проработал директором средней школы в селе Каракемер. За свой многолетний добросовестный труд удостоен почетного звания «Отличник просвещения СССР и Казахской ССР», «Заслуженный учитель Казахской ССР», награжден многими медалями и Почетными грамотами.

- Ветеран и сейчас не теряет бодрости духа. Активно учавствует в общественной жизни, оказывает посильную помощь руководству совхоза «Каракемер», сельской администрации. Мы должны гордиться, что среди нас живут такие достойные люди.

**Б.НАУРУЗБАЕВ**
**Жамбылский районный военный комисар.**



# СІЗДЕРГЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ, АРДАГЕРЛЕР!

**Неменеңе жетістің, бала батыр!**
**Қариялар азайып бара жатыр.**
**Бірі мініп келместің кемесіне,**
**Бірі күтіп, әнеки жағада тұр.**

**МҰҚАҒАЛИ.**

Осыдан ширек ғасыр бұрын ұлы ақын осылай жырлаған. Өмір - өзен ағысын бұдан артық бейнелеу мүмкін емес. Тек жүрекпен сезініп, түсіну керек. Түсіну керек. Ал, түсіну - қариясын қадірлеу.

8 мамыр. Аудан жұртшылығы Ұлы Жеңістің 53 жылдығын атап өтті. Орталық алаңға ауданның барлық елді мекендерінен ағылып келіп жатқан ақсақалдар жүзі жарқын, көңілдері көтеріңкі. Омырауларында орден - медальдары жарқырап, маңайға масаттана қарайды. Өздері қунақ. Қанша қунақ десек те, қарттық өз еншісін алған. Кейбірінің жиі - жиі шаршап қалатыны байқалады. Қалай дегенмен де мерекелік көңіл - күй басым.

Ардагерлер мінген автошеру аудандық Мәдениет үйін бетке алды. Онда белгісіз жауынгер ескерткішіне гүл шоқтарын қоймақ. Жылдағы рәсім осы. Бірақ осыдан біршама жылдар бұрын осынау ардагерлер сол аралықты жаяу жүріп өткенін еске алсақ, бұл да уақыттың өз еншісін алғаны. Өтіп бара жатқан өмір-ай десеңші, өткен жылдан бері 150-дей соғыс ардагері о дүниеге аттаныпты. Табиғат заңы - солай. Олардың жандары жәннатта, топырақтары торқа болғай!

Белгісіз жауынгер ескерткішіне аудан әкімі Ә. Асылбеков, аудандық әскери комиссар С. Тоқманбетов, Аса ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Т. Исабеков, соғыс ардагері Ә. Кемпрековтер шеруді бастап барып, гүл шоқтарын қойды. Соғыс және еңбек ардагері Ж.

Жанжанов ақсақал майданда және соғыстан келіп шейіт болғандар әруағына құран бағыштады.

Одан кейін ардагерлер аудандық білім бөлімі ғимаратының үшінші қабатына оралды. Мұнда кең зал іші әсем безендірілген. Ұзына бойы бірнеше қатар етіп қойылған дастархан дәмнен майысады. Сахнада ән шырқалып жатыр. Ауданға танымал әнші Ғарифулла Лұқманов сазгер Д. Тухмановтың «Жеңіс күні» әнін нәшіне келтіре орындап тұр.

Ардагерлер дастарханға жайғасып отырғаннан кейін бірінші болып аудан әкімі Әбдінұр Асылбеков сөз алған.

Құрметті ардагерлер, - деді ол, - бүгінгі ұрпақ, біз Сіздерге мәңгі-бақи қарызбыз. Өйткені Сіздер қандарыңызбен, жандарыңызбен Отан қорғап, бізге бақытты өмір сыйладыңыздар.

Ұлы Отан соғысына 1 миллион 200 мыңдай қазақстандық қатысып, солардың жартысына жуығы қан майданнан оралмады. Солардың ішінде біздің жерлестеріміз - Сіздер де барсыздар. Біз Сталинградтан Берлинге дейінгі жауынгерлік жолдан өтіп, омырауына екі екінші дәрежелі, бір үшінші дәрежелі жауынгерлік Даңқ ордендерін тағып қайтқан Алахан Жапарбековты, фашизмнің қанқұйлы ордасы Рейхстагқа ту тігуге қатысқан Әсет Кемпірековті, осы отырған бәріңізді мақтан етеміз.

Уақыт өз еншісін алады. Ардагерлер қатары жыл санап сиреп барады. Алланың ісіне амал жоқ, біз жуырда ғана Жеңіс мерекесі қарсаңында үш ардагер - Мақаш Қырықбаевты, Бейсалы Ботабаевты, Базарбай Бұрапқиевті қайтпас сапарға шығарып салдық. Олардың топырақтары торқа болсын! Мен Сіздерді аудан басшылығы атынан төл мерекелеріңізбен құттықтап, отбасылық бақыт, зор денсаулық тілеймін!

Әкім сөзінің арасында жиналғандар соғыста қаза тапқандар мен елге келіп марқұм болғандарды орындарынан тұрып, бір сәт үнсіздікпен еске алды.

Әкім «орамал тон болмайды, жол болады» деп барлық соғыс ардагерлеріне, майдангер жесірлеріне екі мың



теңгеден ақшалай сыйлық тапсырды. Осынау рәсімнен кейін әнші Берік Қалиевтің орындауындағы Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әні бүкіл жиналғандардың жан - жүйесін босатты десе де болғандай.

Басқосуда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б. Сабаев, Аса ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Т. Исабеков, аудандық әскери комиссар С. Тоқманбетов құттықтау сөз сөйледі. Аудандық мәдениет бөлімінің әнші қыздар төрттігі орындаған «Соғыстан қайтқан солдаттар», жас әнші Ақбота Есмурзаева әуелете шырқаған Шәмші Қалдаяқовтың «Цыган серенадасы», тағы басқа ән - күйлер отырыс сәнін кіргізіп, көпшілік көңілін көтерді. Ардагерлер жастық шақтырын еске алып, дөңгелене вальс биледі.

«Адам қартайғанда бір бала» деген рас-ау, алды сексеннен асқан соңы жетпістің бел ортасындағы ардагерлер өздеріне жасалған қошемет пен сый - сияпатқа өте разы күйде тарады. Шіркін, қарттар көңілін аулаған қандай жақсы!

**П. АЙҒОЖАЕВ.**

# ШӘКІРТТЕР ҚҰШАҒЫ ЫСТЫҚ

Есіктен имене енген жас бала табалдырықта тапжылмай тұрып қалды. Бір сәт алдындағы қағазынан бас көтерген директор оқушыға көзілдіріктің үстінен қарап отыр.

- Иә, кел мырза. Сәлеметсің бе? - жүзінде кекесіннің ізі де жоқ, жылы ұшырай қарсы алдынан орын ұсынды. Манадан үнсіз тұрған оқушы «сәлеметсіз бе» деді ерінінің ұшымен ғана. Даусы жай шықты. Ыңғайсызданып қалған сыңайы бар.

- Соңымен, сен алғашқы әскери дайындық сабағына қатысуға неге құлқың болмай жүр?

Балада үн жоқ.

- Әлде бұл сабақты міндетті деп санамайсың ба?

Тағы да үнсіздік. Оқушыдан жуық арада жауап болмасын байқаған Әсекең, бір жөткеріңіп алды да сөз бастады.

- Сенің мұның дұрыс емес, - деді баяу ғана. Менің алдыма келген кейбір оқушылардың «ағай, мен физика не математика маманы болмаймын, арманым басқа» дейтіндері бар шіміріқпестен. Сонда немене, өзің ұнатқан пәннен басқасын оқымау керек пе? Бұл жаңсақ пікір. Совет мектебінің оқушысы жан-жақты білімді болуы керек. Осында менімен әңгімелескен бірлі-жарым балалардың «ағай, мен соғысты қаламаймын. Сондықтан әскери дайындық сабағына ынтам жоқ» дегендері де бар. Сен. - Отан ұлысың. Отанды қорғау - ұлының парызы. Ал ол үшін әскери білім міндетті.

...Ол кезде бұлар да тоғызыншы класта оқушы еді. Еліміздің батысында қаранкет қанқұйлы жауға қарсы соғыс өрті өрши түскен. Бақайшығына дейін қаруланған фашистер дес берер емес. Табаны тиген жерді таптап, жаншып келеді. Ауылда ер азаматтер шетінен майданға алынып жатыр. Бұлардың класындағы балалардың алды 20, арты 18 жаста. Оқу жылының екінші жартысы басталар шақта 9-шы кластың оқушысы аудандық әскери комиссариатқа барды.

Кәмелетке жастары толмағанымен, өздері өрімдей жас жігіттерді оқ пен оттың өтіне тастауға кимағандай біраз ойланып тұрып қалған комиссар олардың көздеріндегі ұшқынды, жауға деген ашу-ызасын көрді. Көрді де, ол ашудың жағасын жыртпай басылмасын сезді.

- Жарайды, арыздарыңды әкеліңдер, - деді жымсарып. Сөйтіп 1942 жылдың 9 январь күні бүкіл ауыл болып майданға өз еріктерімен сұранған 9-шы кластың оқушысын шығарып салды.

Алғаш олар Көкшетаудағы кіші командирлер даярлайтын полк мектебінде 6 айлық курстан өтті. Дайындықтары, бітіп енді майданға жөнелтетін шығар деп үміттеніп жүргенде, Фрунзедегі әскери училищеге жіберілді. Мұнда олар әскер қатарына жаңа алынған жаяуынгерлерге ұрыс тактикасын үйретумен айналысты. Әскерге алынғанына жылдан астам уақыт болса да әлі ұрыс даласында оқ дәрі иісін сезінбегеніне назаланған Әсет бірде шені жоғары офицерден: «Бізді майдан шебіне қашан жөнелтеді екен?» деп шыдамсыздана сұрағаны бар. Сонда әлгі офицер: «Жаумен бетпе-бет келіп, оны жер қаптыру - әркімнің - ақ ойында жүрген арман. Сондықтан ұрыс тәсілін үйрене берген абзал» деген салмақпен.

Қан кешу жорықты Белорус майданы 3-ші екпінді Армиясының 150 дивизиясы 756 атқыштар полкі құрамында Великие Луки тұсында бастаған лейтенант Әсет Кемпіреков туысқан республикалар мен Польша жерін жаудан азат етуге қатысты.

Өрісі тарыла бастаған сайын жау құтырына түсті. Әсіресе, Берлиннің әр шаршы метрі қиян-кескі ұрыспен алынды.

...Шпрее каналы. Арғы бетте жау әскері. Қолайлы жерді таңдап орналасқан олар каналдан өтетін жалғыз көпірге қарай жарты қадам аттатқызбай жоқ, оқты жаудырып тұр.

- Лейтенант Кемпіреков Комбат шақырады

Батальон командирі, капитан Баев бекерге шақырмапты. Мұның взводына әлгі көпірден өту тапсырылды. Осы кезде артиллериядан атыс басталып кетті. Арада екі сағат өткеннен соң взвод алға жылжыған. Жаңа ғана астан-

кестең болған дүние жым-жырт. Қою қараңғылықты тіліп өтіп, әр қарайғанға қадала түскен прожектор жарығынан жоғалған инені табуға болатындай. Взвод талай жауапты тапсырманы орындап жүр, бірақ бұл жолғы тапсырма оның бәрінен де маңызды. Шпрее каналының көпіріне жол салу - жау ұясы Рейхстагқа бүкіл полкқа жол ашу, деген сөз.

Байланысшы кері қайтты, көп ұзамай лейтенант Кемпіреков жауапты тапсырманың орындалғанын баяндады. Сонсоң бұлар жауға бүйірден тиісті. Қоршауда қалдық деп үрейленген фашистер атыса жүріп кейін шегініп бара жатты. Көпір Совет жауынгерлерінің қолына көшті.

...Оң жақ шекесі шыңылдаған Әсет талықсып құлап бара жатты. Құлағында көпірден өтіп, жау әскері араласқан кварталдарға лап қойған жауынгерлер үні «Ура. Ура-а-а».

...Қазір де басы шыңылдап кетті. Соғыстан қалған ескерткіш қой. Сәл көп ойланса өстетіні бар. Өткен өмірдің елесін көз алдынан өткізіп, үнсіз қалған ұстазының ойын бұзғысы келмеген шәкірт орнынан қозғалмапты. Маналы бері ой орманының ортасынан енді шыққан Әсекең оған өзі көрген қиындықтарды тізіп, пәлсапа соққан жоқ. Тек Отан және оны қорғау, Отан үшін қызмет ету туралы қысқаша ақыл айтқан. Санасында саңылауы бар бала осыдан қорытынды шығарар-ау деп түйді.

1947 жылы омырауына 1 дәрежелі Отан соғысы ордені мен бірнеше медаль қадап, ауылға оралған жас жігіт өзі оқыған мектепке мұғалім болуға тілек білдірді.

Қиян-кескі соғыстан жеңіс, қуаныш қана емес, арман арқалап келген азаматтың өз дегеніне жетіп, ұстаздық еткеніне 36 жыл.

1954 жылы Шымкенттегі мұғалімдер институтын бітірген Әсет Кемпіреков, 1962 жылы Шымкент педагогика институтының физика - математика факультетін сырттай аяқтады.

Әсекеңмен әңгімелесіп отырмыз. Алдымызда ол кісінің өмір жолын баяндайтын документтер, хаттар. Міне, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Әсет Кемпірековке «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағын



беру туралы Указы басылған папка. Одан кейін СССР кәсіподақтары Советі Орталық Комитетінің, СССР ДОСААФ Орталық Комитетінің, облыстық атқару комитетінің, облыстық кәсіпордақтары советінің, облыстық оқу бөлімінің Құрмет грамоталары... Саналы өмірдің, еселі еңбектің белгісіндей - бұл наградалар. Әсет Кемпіреков сонымен қатар мұғалімдердің Бүкілодақтық III съезінің делегаты, бірнеше рет аудандық, ауылдық Советке депутат болып сайланған. Омырауында 9,10-шы бесжылдықтардың озаты, социалистік жарыс жеңімпазы белгілері жарқырайды. Бір адамның басына мұншалық құрмет бекер көрсетілмес-ау!

Менің көзім шеткерілеу жатқан бір-екі хатқа, құттықтау телеграммаға түсті.

- Бұл қызымның хаты, - деді менің назарымды аңғарған Тұрсынкүл апай. Шындығында «Қымбатты Әсет, Тұрсынкүл деп басталған хат Әсекеңнің майдандас досының қызы Алькадан екен. Әкесі өлсе де, әкесінің көзін көрген Әсекеңді құрмет тұтатын орыс қызы мереке сайын қарт жауынгерді құттықтауды ұмытқан емес.

- Мынау - менің шәкіртімнен келген құттықтау, - деді Әсекең. Құттықтау сөз жазылған ашық хатты қолына алып, - мектепті алтын медальмен бітірген Рита Кренделевадан келіпті. Қаракемер орта мектебіне Әсет Кемпіреков директор болған 15 жылда бұл мектепті 7 оқушы алтын медальмен бітіріп шықты. Бүгінде олардың бірқатары жоғары білімді маман, бірқатары студент. Бірақ Әсекең үшін олар әрдайым шәкірт.

Стол басындағы әңгімені Жанбота мен Жанболаттың таласы бұзды. Папасына еркелеп келіп сүйенген Жанботадан қызғанған Жанболат «Менің атам» деп жыламсырап тұр. Олардың екеуіне де жететін аталары әлгілердің маңдайларынан иіскеп, арқаларынан қағып ауыз үйге ойнауға шығарып салды. Жанбота - Әсекеңнің кенжесі, Жанболат - жиені. Әке жолын қуып Жамбыл педагогика институтының физика - математика факультетін бітірген, қызы Орал облысындағы іргелі мектептің бірінде

ұстаз. Жанболат соның ұлы. Енді көрмейсің бе? Бір келгенде біреудің әкесіне зорлық қылып таласуын. Әне, томпандап тағы келеді. Бар ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған ұстаз ұлы мен немересінің қылықтарын қызықтап қарап қалыпты. Дәл қазір одан бақытты жан жоқтай жымияды. Ия, одан бақытты жан жоқ-ау өзі де!..

Кешкі қараңғылық қоюлана түскен. Аспанда ай туды, жұлдыздар жымыңдайды. Маған ортада жарқыраған ай Әсекең, маңдайындағы жұлдыздар оның шәкірттері секілді көрінді. Еңбегімен ел құрметіне бөленген жанның арманы бар ма, сірә?

**Б. ЖАППАРОВ**



## АРДАГЕРЛЕРГЕ

*Армысыздар, ағайын, бауырластар,*
*Бәріңнің де мәртебең – тауың асқар.*
*Жеке дара аштырсақ сыр сандықты*
*Көзден шығар қара зіл, ауыр жастар.*
*Армысыңдар, ер жүрек, батыл жандар!*
*Араңызда шешендер, ақындар бар.*
*Отан үшін от кешіп, жалын жалап,*
*Жанған үйге оқ болып атылғандар.*
*Армысыздар, жеңіске бастағандар!*
*Арамдықтың қыл жібін баспағандар.*
*Елге төнген қауіпті тастүнекті.*
*Айбынымен пақтырып тастағандар.*
*Ер Әсеттей сол сапта ағалар бар,*
*Бәрі – жерде нық тұрған бағаналар,*
*Олар жайлы әңгіме бола қалса,*
*Ерліктері ерекше бағаланар?*
*Армысыздар, 41-дің арулары!*
*Кетпен, күрек болса да қарулары,*
*Майдандағы әскерге жөнелткендер,*
*Жылы киім, дәм-тұз бен қару, дәрі.*
*Армысыздар, мерейлі ақ көңілді ел,*
*Досқа – бауыр,*
*Дұшпанға – «сақ» кәрілер»!*
*Ұрпақтары мақтаса бұл заманды,*
*Өздеріңіз сыйлаған бақ дәуір дер!*
*Бақ дәуір дер ерікті бұл заманды,*
*Егеменді ел болдық, ту жаңарды.*
*Елбасының сара жол бағдарымен*
*Болашақтың жиегі нұрланады!*

**Ж. МОЛДАҚҰЛОВ.**

Әсет КЕМПІРЕКОВ.

# ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ

**Болашақ жастардікі, демек барлық игіліктің иесі де, оның жасаушысы да жастар. Қандай бір салт-дәстүр болмасын ұрпақтан ұрпаққа ұласып отыратыны сонау ықылым заманнан аян. Менің құрдастарымның еншісіне: Октябрь ісіне адал болу, Отанды сүйіп, партия тапсырмасын бұлжытпай орындау, еңбек сүйгіш болу бақыты тиді. Біз оны бұлжытпай орындадық. Ол үшін мақтана да аламыз. Енді сол тәжірибемізді жас жеткіншектердің бойына дарыту қасиетті борышымыз.**

**Бұл - әмбеге аян игілікті іс. Сондықтан мен педагог - ретінде бала тәрбиесі төңірегінде ой толғауды жөн көріп отырмын.**

## Баланы жастан...

Осы қағида болашаққа деген қамқорлық тілектен туындағаны сөзсіз. Бірақ, әлі күнге осыны дұрыс ұғына бермейтініміз де бар.

Бүкіл саналы ғұмырымның 40 жылға жуығын педагогикаға, бала тәрбиесіне арнадым. Оның 21 жылында мектеп директоры болып еңбек еттім. Осы жас ұрпақты тәрбиелеу жолында талай рет тұйыққа тіреліп, жол таппай қалған кездерімде болды.

Ертеректе кешеде келе жатсам, бір кісі баласын ә деп таяқтап жатыр екен. Жәбірленіп жатқан балаға жаным ашып, қасына бардым. Сөйтсем әлгі бала сабақтан қашып



келген көрінеді. Өзі оқи алмай, білімнен құр қалған әке байғұс ұрпағы да солай, білімсіз, кемтар болып қалмаса дейді екен. Бірақ «баланы жастан» деген қағиданы ол басқа қырынан түсінген. Сөйтіп, «аюға таяқпен намаз үйреткелі» жатыр. Әрине ол кісіні де түсіну керек. Балаға басқаша түсіндіріп тәрбиелеуге де болады. Сонымен әлгі баланы қатаң қадағалауға алдым. Алғашында бас білмеген асаудай атырылып, бұлталақтап тәртіпке келмеді. Шыдадым. Кей кезде әлгі баланың кішкентай ғана ісін мадақтап, тіпті, кепе-көрнеу көтермелеп, қолпаштап та қоюға тура келді. Жоқ, қанша дегенмен адам емес пе, бірте-бірте түсінді, икемге келді. Тәртібі де, оқу үлгерімі де түзелді. Кейін жақсы азамат болып шықты. Сонда әкесі: «Шырағым, менікі әйтеуір адам болсын деген тілек еді. Баланы ұрып тәрбиелемек болғаным үшін кешір. Ұрмай-соқпай тентекті төзге салуға болады екен. Оны сен дәлелдеп бердің. Шүкіршілік, балам айтуға тұрарлық азамат болып шықты мектептен», - дегені. Мен де ұялдым. Көз алдымда тәрбиеленіп жүрген баланың кемшілігін әкесі таяқтап жатқанға дейін байқамағаным үшін ұялдым. Әркімде баласының жақсы азамат болуын қалайды. Бірақ тәрбие беру әдісі әртүрлі.

Кейбір ата-аналар: «Қой бағып, тракторшы болса да жетеді» - деген пікір айтады. Осы дұрыс па? Өзім келісе алмаймын. Біріншіден, сол кейбіреулер кепте түсініп, кем санайтын шопан, механизатор мамандықтары - ең құрметті кәсіп. Біздің елімізде еңбекке, еңбеккерге деген құрмет жоғары. Оған осы салада ел құрметіне бөленіп отырған бірнеше азаматтарымыздың өмір жолдары, куә, дәлел.

Екіншіден, бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс заманында білімсіз адам қанатсыз құспен тең. Ол ұзаққа ұша алмайды. Жас ұрпақтың білімді болуын барлығымыз болып қадағалауымыз керек. Білімді адамнан білікті маман шығатындығын ешкім де ұмытпауы керек. Осыны еске-руіміз керек. Сонда ғана ата-ана борышы өтеліп, азаматтық парыз деген ұғым тереңдей түседі.

Кешегі тоқырау кезеңінде ата-ана борышы осы екен деп балаларымызды ойға да, қырға да сүйреп, өрісі жетсін жетпесін оқытып парызымызды өтеген болдық. Тіпті, олардың жүрек қалауымен де санасқанымыз жоқ. Әйтеуір «мамандық әперіп, адам етуді» ғана көздедік, ниетіміз дұрыс болды, бірақ дұрыс ниеттің бұрыс нәтижесін өмірдің өзі көрсетті. Оқығаны мен тоқығаны жоқ, қолында жоғары білімі бары туралы қатырма қағазы бар бозекпе мамандар қаптап кетті. Одан олардың өздері де, қоғам да ешнәрсе ұтқан жоқ.

Міне, «баланы жастан» дегенде осы жағдайлар бізде ескерусіз қалып жатты. Қазіргі қайта құру талаптарына сай бұл кереғар тірлік келмеске кеткен шығар деп ойлаймын. Бала тәрбиесі бір адамның емес, бүкіл қоғамның барлық мүшесінің міндеті.

## Ұстаздық - ұлы мамандық

Бұл қасиетті іске өмірін бағыштаған адам ең алдымен оның мән-мағынасына терең үңілуі керек. Оның бағасын білуі керек. Мұғалім - керек болса бүкіл қоғам тәрбиешісі. Өйткені шын мәнінде оның қолында бала тағдыры ғана емес, қоғам тағдыры тұр. Ол қоғам мүшелерін тәрбиелейді. Ғұлама ғалым да, дарқан дарын да, ел мақтаған еңбеккерде үлкен өмірге қадамын ұстаз алдынан бастайды. Сондықтан ұстаздық ұлы мамандық деуге толық қақымыз бар. Ал, енді барлығымыз сол ұлы мамандыққа тән қасиетпен еңбек етіп жүрміз бе? «Шіркін, баяғының мұғалімін айт. Қазіргі мұғалімдер балалармен қосылып...» деп кейбіреулердің әңгіме айтып, ұстаздарды сыртынан сықпыртып тұрғанда, ұлы тілі арқаңа аяздай батады. Ұяттан өртеніп кете жаздасаң да амал жоқ шыдайсың. Өйткені оның мысқылдай болса да шындығы бар.

Шынында да 60-шы жылдардың басына дейін көптеген мұғалімдерде жоғары білім болмады. Бірақ олар ұстаз атына дақ түсірмеу үшін жас ұрпақты ағалардың революциялық-жауынгерлік ерлігі рухында тәрбиелеуге баса көңіл аударып, саналы тәртіп, сапалы білім беру үшін күресетін. Одан беріректе білімі шамалы бірлі-жарым шалағай ұстаздар пайда болды. Мектеп талабы төмендеді. Соның салдарынан оқытушылар жауапкершілігі кеміп кетті. Енжарлық пайда болды. Содан келіп, мойындамасқа амалымыз жоқ. Біршама болса да беделімізді төмендетіп алдық. Жасыратыны жоқ, кейбір мұғалімнің көшеде теңселіп, мас болып жүрген кездері де аз болған емес. Оны оқушылар көріп жүрді. Ол олма, сәл-сәл «қызып қалған» ағаиларын қолтықтап, үйіне жеткізіп салған оқушылар да кездесті емес пе? Бұдан кейін ондай мұғалімде қандай бедел болмақ? Одан оқушы қандай үлгі алсын.

Көпке топырақ шашқаным емес, осындай бір қарын майды шірітер бірен саран «құмалақтарды» кездестірген соң айтып отырмын.

Бар бақытты балаға бағыштап осы салада бар ғұмырын сарып еткен қадірменді, құрметті ұстаздар да баршылық. Олар қашанда құрметке ие.

Керісінше бір пікір. «Қазіргі балалар қағынып кеткен, мұғалімді сыйламайды, көшеде көрсең қағып-соғып өте шығады. О, қазір мұғалім болу қиын» - деген әңгімені мұғалімдер тарапынан да жиі естиміз. Рас, бүгінгідей оқушы жан-жақты білім көзінен нәр алған, газет журнал, радио, көгілдір экран, көркем әдебиет арқылы зымыранды заманда мұғалім болу оңай емес. Қазіргі оқушының ой өрісі өте биік, естігені, көргені көп. Сондықтан әрбір ұстаз баяғыдай емес, өскелең өмірді, керемет өзгерістерді ой елегінен өткізіп, оны оқушыларға дұрыс түсіндіре білуі керек. Ол үшін өздерінің (ұстаздардың) білім дәрежесі жоғары болуы даусыз. Көп ізденуі керек. Олай болмаған жағдайда ондай ұстаз өмір талабына ілесе алмай қалады да, әп-сәтте балалар алдындағы беделін жоғалтып алады. Бұл тұрған жауапсыздық. Оқытушы заман талабына сай болуы керек. Өйткені заман жасаушы, қоғамның қозғаушы күші - адам. Ал адамның тәрбиешісі

ұстаз. Сондықтан әрбір ұстаз заман талабынан жоғары тұруға тиіс.

Білімі мен жүріс-тұрыс, іс-әрекетімен ұстаз шәкіртке үлгі болуға тиіс.

Өткенде бір жас мұғалім: «Қой ұстаздық менің қолым емес екен» - деп өзі сұранып, өндіріске кетіп бара жатқанын көрдім. Риза болдым. Өз кемшілігін мойындап, дер кезінде өмірден өз орнын іздеп бара жатқанына ішім жылыды. Әйтпесе әлермендікпен алған білімінің есесін қайтаруға «жанталасып» жұмыс істеп жүре берсе, оны ешкім қуып жатқан жоқ. Бірақ олай еткенде қанша шәкірттің обалына қалар еді? Ұстаздық ету үшін ұстаздық жүрек керек. Мұны да талай данышпан айтып, өсиет еткен.

Жаным ашыды, әлгі мұғалімге. Ол осы жолда мемлекеттің қанша қаржысын, өзінің алтынға баланар қанша уақытын жоғалтты. Бірақ еш кеткен уақыттың кеште болса, есесін қайтарса болғаны да.

Мұғалім - бағбан. Ол - Адам деген алып ағашты күтіп бағады. Бірақ оның жемісін бірер жылда көре алмайсың. Ол алып ағаш жемісін ондаған жылдардан кейін береді. Күтімі жақсы болса, мол жеміс береді. Күтімі жетіспесе, ол ағаш құрап қалады. Қазіргі тәртіп бұзушылар, тоғышарлар, қоғамдық жатқылық көрсетуші кесепаттар яғни, тоқ етерін айтқанда сол бағбандар баптай алмаған күтусіз дарақ іспетті. Ондай жатқылықты жандармен бүкіл көпшілік болып күресуіміз керек.

Мен ұстаздық еткелі бері қолымнан жүздеген шәкірт тәрбиеленіп шықты. 10 оқушым мектепті алтын медальмен бітірді. Қазір солардың ішінен шыққан ғалымдар, білікті мамандар бар. Ал ауылда, қалып, еңбек майданында ерлік көрсетіп жүргендері қаншама. Ата-анаға балаларының бәрі қандай бірдей болса, маған да шәкірттерім сондай. Соларды көріп қуанамын. Кеудемді шаттық кернейді. Еңбегім жеміс берді деген осы. Жақсы болған шәкірттерді көрсем көңілім жадырап, жаның жай табады. Мұның өзі де бақыт.



Қалай дегенмен де қоғамда ұстаздың орны ерекше. Оған жүктелер жауапкершілік те жоғары. Десек те, мына бір мәселені сөз етпеске болмайды. Қанша айтылып жатса да, мұғалімге деген көзқарас өзгерген. Ауылдағы интеллигенцияның басым бөлігін мұғалімдер құрайды. Ал, солар көп жағдайда елеусіз, ескерусіз қалып жататыны бар. Көптеген басшылар мұғалімдер мұқтажына көңіл бөле бермейді. Кейбір мұғалімдер пәтер, жемшөп сұрап бастықтардың кабинеттерінің табалдырықтарын тоздырып жүргені. Бұл шағым айту емес, өкпе-назын білдіру. Оның үстіне көбіне ауылдық жерге тән. Сол «тұтқа» болып отырған басшылар балалары ұстаз алдында тәрбиеленіп жатқанын, өздері де ұстаздан білім алғандарын ұмытпаса екен. Бұл реті келгенде айтылған сыр сияқты.

Негізінде болашақ үшін бәріміз де жауаптымыз. Олай болса тәрбиені комплексті түрде жүргізуіміз керек. Оның бірден-бір жолы семья - мектеп - мұғалім арасындағы тығыз байланыс. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қасиетті қағида бала тәрбиесімен айналысатын әркімнің санасынан берік орын алса керек. Семья, мектеп - алтын ұя, Отан - алтын бесік. Осында жақсы тәрбиеленген жас ұрпақ нағыз азамат, патриот, интернационалист, еңбеккер болатынына ешкімнің шүбәсі жоқ.

## Ардагер сөзі

*Ауданым ақын Жамбыл атындағы,*
*Таңдаулы еңбегімен халқым-дағы.*
*Өзінің 60 жылдық бұл тойына,*
*Аз емес алып келген тартулары.*
*Ауданым бар жұмысты қайта құрып,*
*Табысты молайтуға бетті бұрып.*
*Қазіргі жеделдету саясатын*
*Еңбекші ел қарсы алды тіке тұрып.*
*Бар менің қызылшам да, ақ егісім,*
*Отырмыз ен жайлауда мал өсіріп.*
*Ауданда озат болған жандар үшін,*
*Қақтым бүгін жыр менен ән есігін.*
*Мен-дағы ардагердің біреуімін,*
*Табысқа үлес қосқан тілегіммен.*
*Ауданым, қабыл алғын бұл жырымды,*
*Төгілген түкпірінен жүрегімнің.*

**Рәсілбек ЖӘНІБЕКОВ,**
**соғыс және еңбек ардагері.**



## ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҚАРТТЫҚ

... Қаракемерлік Әсет Кемпірековтың Рейхстагқа шабуыл кезіндегі ерлігі де, аға лейтенант К. Омаровтың жүрегіндегі елу жыл «сақталып» келе жатқан фашист оғы да, француз қарсыласу қозғалысының партизан Дүйсен Көбегеновтың ерлік жолы да өзінің сағатын күтіп жатыр. Мұндай «қарапайым» батырлар аз емес. Ал, олардың қатары жыл өткен сайын сирей түсуде. Сондықтан да ардагерлер ұйымдары олардың әрқайсысының ерлігін ұрпақтар игілігіне айналдыруға тырысуда. Өйткені, аға ұрпақ өкілдерінің отты жылдардағы ерлігі егемен елімізді қорғаушылар үшін үлгі-өнеге болуы тиіс. Екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Жеңістің 50 жылдығын барша халық болып атап өтудегі түпкі мақсат та осы. «Жеңістің 50 жылдығын атап өткелі отырған жылы мен біздің даңқты майдангерлеріміздің жан-жақты қамқорлыққа алынуын шын жүректен қалар едім», деген еді Н. Назарбаев жаңажылдық құттықтауында. Нұрсұлтан Әбішұлының осынау игі тілегінің жүзеге асуына біз де тілектеспіз.

**Сағи ЖАБАСОВ.**

## АРМЫСЫҢ, ЕЛДІҢ АҚ ТАҢЫ!

*Құтқарған үзіп, шынжырын темір тұзақтың,*
*(күткен ек аңсап, бостандық сені ұзақ тым),*
*Келдің бе, жаным!*
*Атты ма таңы қазақтың!*
*Армысың!*
*Арма!*
*Жасағың мәңгі азат күн!*
*Ұшатын биік,*
*Сұңқардай серпіп, серпілдік,*
*Достықтың туын,*
*Көтеріп көкке, желпіндік.*
*Желтоқсан желі*
*Жастардан жасын ойнатып,*
*Армысың!*
*Арма!*
*Бұғауды бұзған еркіндік!*
*Сәулесін іздеп,*
*арайлап атар жарықтың,*
*Сан ғасыр бойы*
*Арманы болған халықтың,*
*Жеттің бе, жаным!*
*Нұрыңды шашып мерейлі.*
*Армысың!*
*Арма!*
*Шапағын шашқан жарық күн!*
*Құрсаудан, қалың,*
*Құтылған босап, азаттың,*
*гүр етіп сәтте,*
*күл етіп шоғын мазақтың,*
*Тілімді, ділмен,*
*Салтымды жырмен қайтарған,*
*Армысың!*
*Арма!*
*Ақ таңы Ата қазақтың!*

**Б. ҚИЛЫБАЕВ.**



## ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...

Ұлағатты ұстаз Әсет Кемпіреков ағамыздың өмір жолы - кімге болса да үлгі, педагогикалық іс-әрекеті тәлім-тәрбие апарлық.

Әсекең қақында жазылып жатқан материалдар көп, оның бәрі ағамыздың соғыс кезіндегі жаумен шайқасқан сәттерін, әсіресе оның Рейхстагқа шабуыл операциясына қатысып, ту тігуге Кантария мен Егоровқа жол ашып беруде қантөгіс соғысқа қатысып, № 756 полктің құрамында жаудың ошағына ойран салып қайтқанын баяндайды.

Әсет соғыстан кеудесі орден, медальдарға толып оралды. Соның ішінде Әсекеңе ең ыстығы - Рейхстагты алудағы қантөгісте көрсеткен ерлігі үшін жоғарғы бас қолбасшының бұйрығымен берілген 1 дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені.

Соғыстан келісімен ол өзі туған ауылына мектеп мұғалімі болып орналасқан. Оқушыларға математика пәнінен дәріс берді. Сөйтіп жүріп өз білімін де жетілдіруді ұмытқан жоқ. Шымкент педагогикалық институтын сырттай бітіріп шықты. Әсекең арқылы оқушылар математика пәнінің қыр сырына үңіле түсті. Сол кезде Әсекеңнен дәріс алған оқушылардың кейбіреулері бұрынғы Қаракемер, қазіргі Төле би атындағы орта мектепте жұмыс атқарса, енді біреулері ғылым жолына түскен. Кезінде мектеп бітірген Егемберді Оспанов ауданадағы күшті математиктердің бірі. Сәтекбай Әуелбеков пен Гүлзинат Арынтаева экономика ғылымдарының кандидаттары, Жақан Жоламанов Төле би мектебінің директоры. Бұлардың қай-қайсысы да Әсекең директор болған кездегі мектеп өмірі, қызғылықты өткізілетін іс-шаралар мен мұғалімдер қызметі, тәрбие мәселелері турасында ризашылықпен әңгімелеп отырады.

Облыс көлемінде кабинеттік жүйеге көшу, кабинеттерді жабдықтау, заман талабына сай безендіру мәселелері қызу қолға алынып жатқан кез еді. Ауданға облыстық білім бөлімінің сол кездегі меңгерушісі Жұмаділов Жатай Жұмаділұлы келді. Ол кісі аудан мектептерін аралап жүріп, Әсекең басқаратын мектепке келді. Мектепті аралап көрді.

Әр кабинет меңгерушісімен жеке-жеке сөйлесті. Сөйтіп болған соң ол:

- Жорабай, сен мектепке барғанда ең бірінші мектеп директорының жұмысына ерекше көңіл бөл. Директор өз мамандығы бойынша бөлінген кабинетті бірінші жабдықтап, елге үлгі көрсетпесе, басқалары оңайлықпен қозғала қоймайды. Мына мектептің директоры, Кемпірековың да біраз жұмыстар бар екен. Математика, физика, химия, биология, тіл кабинеттері мен т. б. пәндер кабинеттері қалалық жердегі мектептердегі кабинеттерден еш кем емес. Көмек бер. Жұмысты қожыратып алмаңдар, - деді оңаша шыққанда.

Жақаңның аузынан мұндай сөз жиі шыға бермейтін. Бастығымыздың жұмысты бағалай білетініне риза болып, мектеп директорының айтылған саладағы жұмысын білім бөлімінің кеңесінде ерекше атап өттік. Бұл мектеп түрлі жарыстарда, байқауларда, олимпиадаларда аудан көлемінде алдыңғы қатардағы мектептердің бірі болып келді.

Әсет Кемпіреков Ж. Жұмаділовтен бұрын да облыстық білім беру саласындағы басшылардың көңілінен шыққан, өз мамандығын терең меңгерген ұстаз еді. Әсекең 1967 жылдың 17 маусымында «Қазақ КСР оқу министрлігінің «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі. Ал, 1985 жылдың 23 сәуірінде Әсекең «КСРО халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Бұл атақтар Әсекеңе тегін берілген жоқ. Ол бала оқытып, тәрбиелеудегі еңбегі үшін алды. Ауданымызда «Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мұғалімі» атағы үш-ақ мұғалімге берілсе, соның біреуі Әсекең, екіншісі марқұм Баймырза Бесбаев, үшіншісі Рауза Баймұқанова еді.

Әсекең күні бүгінге дейін майдандас достарымен, замандас әріптестерімен қарым - қатынас жасап тұрады. Ол солардың көбісімен хат алысады. Әсекең Берлинге бірінші болып ту тіккен қазақ жауынгері Рақымжан Қошқарбаевты әрдайым сыйлап, құрметтеп отырады. Екеуінің бір полкте қызмет еткенін мақтаныш етеді. Енді мына төмендегі хатқа назар аударайық: **«Ақмола АЭА. Әкімшілік кеңесінің аппараты. Сіздің әкімнің атына жазған хатыңызды мұқият оқып,**



**талдап мынаны хабарлайды: қалалық мәслихаттың кезектен тыс бірінші шақырылған 1997 жылдың бесінші қарашасындағы 7 сессиясында Рақымжан Қошқарбаевтың есімі көшелерінің біріне берілді.**

**А. А. ШӘКІРОВ».**

Міне, қанды көйлек майдандас досының есіміне қаланың бір көшесін беруге Әсекеңнің осындай аз да болса қосқан үлесі бар.

Енді мына хаттарға үңілейік. **«Саламат па, менің қымбатты полктас досым Әсет! Сені, барлық сенің жақын туыстарыңды жаңа 1991 жылмен құттықтаймын! Бұл жыл біздің халықтарды біртұтас жанұяға айналдырсын! Біздің Сізбен бөлісер ештеңе жоқ. Бізді бөлеміз дегендердің төбесінен күн күркіреп, найзағай күлге айналдырсын.**

**Құшақтап сүйемін. Сәлеммен Г. Ақышев.**

**Симферополь қаласы.»**

немесе: **«Қымбатты дос, полктасым менің Әсет! Рейхстагтың белсенді шабуылшысы Сізді шын жүректен Жеңіс күнімен құттықтаймын! Сізге, Сіздің жақындарыңызға - денсаулық, барлық жұмыста да табыс, төбеңізге ашық, таза аспан тілеймін!**

**Сыйластық көңілмен Иван Иванов, Мария Иванова.**

**Кировоград облысы. 29.IV.87 ж.».**

Ұлағатты ұстаздың мектеппен де байланысы жақсы. Осыдан үш жыл бұрын Төле би атындағы мектептің 1«а» сыныбына Әсет Кемпіреков есімі берілген еді. Бұл оқушылар биыл үшінші сыныпта отыр. Олар бүгінде мектептің үлгі алар ең үздік сыныбына айналған. Бүлдіршіндер Әсекең аталарына ұқсап, Отанын сүйген нағыз патриот болып өсуге қанат қаққан.

**Жорабай МОЛДАҚҰЛОВ.**

# ӘСЕТ АҒАҒА

***Ұлағатты ұстаз, майдангер Әсет Кемпірековтің 75 жылдық мерейтойына арнаймын.***

*Бауыржандай ер тұлғалы,*
*Ыбырайдай ұлағатты,*
*Құрметті Әсет ағай,*
*75-ке келіп қапты.*
*Шәкірттері марапаттап,*
*Бүлдіршіндер атын жаттап,*
*Азаттықты әкелген соң*
*Ақындар жүр өлең қаттап.*
*Ел есінде ерлігіңіз,*
*Қалдырдыңыз өшпейтін із.*
*Ерлік пенен елдікті ұстап,*
*Тындырдыңыз толағай іс.*
*Ыңғай жанып еңбегіңіз,*
*Бір шаршадым демедіңіз*
*Шынайы еңбек арқасында*
*Сан құрметке бөлендіңіз.*
*Риза болыңыз ықыласқа,*
*Азаматсыз жөні басқа.*
*Өлімді де жеңген сізге*
*Көп емес қой тоқсан жас та.*

**Жақан ЖОЛАМАНОВ,**
**шәкірті.**



# ҮЛКЕН МЕРЕКЕ

Қазақстан Республикасы күнін екінші рет тойлағалы отырмыз. Меніңше, бұл айтары жоқ үлкен мереке, бүкіл Қазақстан халқының мерекесі, тарихи күн.

Той қарсаңында өз қуанышымды айта отырып, мына мәселелерге де көңіл аударғым келеді. Осы кезеңге дейін халқымыз өзінің басынан талай қысталаң шақтарды кешті. Соның бәрінен шаршаса да шырай түсіп, алға басуда. Кешегі сұрапыл соғыс жылдары әлі көз алдымда. Бұл жылдар халқымыздың ынтымағы мен бірлігін, төзімі мен жігерлілігін сынады. Одан біздің халқымыз сүрінбей өтті. Менің взводым жайлы Совет Одағының Батыры, полковник П. М. Зинченконың «Герои штурма Рейхстага» деген кітабында жазылған. Достығымыз берік болғанын мақтаныш етемін.

Соғыстан кейін 40 жылдай ұстаз болып, жастарды білімге тәрбиеледім. Қазір республикамыз дербес, тәуелсіз мемлекет. Бұл үшін өте қуаныштымын. Республикамыздың Президенті Н. Назарбаев халықты бірлікке, ынтымаққа үдайы шақыруы ұнайды. Өйткені бірлік болғанда ғана еңбек етіп, өмірді гүлдендіруге болады.

Рас, жастар арасындағы тәртіпсіздіктің көбеюі педагог ретінде мені де қынжылтады. Меніңше, мұның өзі өтпелі кезеңдегі жағдай болуға тиіс. Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету қажет. Дегенмен, бұл қиындықтан алдағы жылдары шыға алатындығымызға сенімім мол.

Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде аудан соғыс және еңбек ардагерлерін, барлық еңбеккерлерді республика мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Соғысты да көргенбіз, қазіргі қиындыққа шыдайық. Ақсақалдарымыз бен үлкендеріміз кейінгі жастарға үлгі болсын. Республикамыздың шаңырағы биік, халқы бақытты, ынтымақты болсын!

**Ә. КЕМПІРЕКОВ,**
**республикалық мәндегі дербес пенсионер.**

## Құрметті оқырман қауым!

Осы кітаптың соңғы әріптері теріліп жатқанда, типографияға қуанышты хабар келді. Екінші сайланған аудандық мәслихаттың бірінші сессиясы болып, онда Ұлы Отан соғысының ардагері Әсет Кемпірековке «Ауданның құрметті азаматы» атағын беру туралы аудан Әкімінің ұсынысы бекітіліпті.

Осы кітаптағы айтар ойымыздың қорытындысы есебінде сол бірлескен шешімді түгел беруді жөн көрдік.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ — ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Жамбыл ауданының Әкімі — Жамбыл аудандық мәслихат

ШЕШІМІ

Аса селосы — 2 қараша 1999 жыл

"Жамбыл ауданының Құрметті азаматы" атағын беру туралы.

"Жамбыл ауданының Құрметті азаматы" атағы туралы Ережені басшылыққа ала отырып

ШЕШТІК:

Аудан алдындағы айрықша еңбектері және оның әлеуметтік мәдени дамуына қосқан үлесі үшін Қаракемер селосының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Әсет Кемпірековке "Жамбыл ауданының Құрметті азаматы" атағы берілсін.

Жамбыл ауданының Әкімі — Э.ЕСІМБЕКОВ

Жамбыл аудандық мәслихаттың хатшысы — Ш.ТІЛЕУМУРАТОВ



## Мазмұны

1. Аннотация ........ 3
2. Алғы сөз ........ 4
3. Әбдінұр Асылбеков «Аталар даңқы жолымен» *(«Шұғыла» № 19, 7 май 1999ж.)* ........ 6
4. Лесбек Әзбергенов «1418 күн мен түн» («Шұғыла» №55, 8 май 1990 ж.) ........ 8
5. Совет Әлімқұлов «Ардагерлер» («Шұғыла» № 51, 9 мамыр 1991 ж.) ........ 11
6. Болат Жапаров «Бұл күнге бар жетпеген де, жеткен де» сонда № 21, 1995 ж. ........ 12
7. Жорабай Молдақұлов «Ол Берлинде болды», сонда № 24, 23 февраль 1983 ж. ........ 18
8. Қапаш Тасболатов «Жауынгер-педагог», («Қазақстан мұғалімі» №19, 2 май 1965 ж.) ........ 21
9. Қ. Болатов «Қуанышты қауышу» («Шұғыла», 24 март 1983 ж.) ........ 22
10. Б. Жаппаров «Соғыс табыстырған тағдырлар» («Шұғыла» № 56, 9 май 1983 ж.) ........ 23
11. 11. Т. Акишев «Братья по сердцу и духу» («Радуга», 25 март 1995 ж.) ........ 26
12. О. Шайымқұлов «Ұстаз бен шәкірт сыры», («Шұғыла», № 54, 6 мамыр 1990 ж.) ........ 29
13. Қ. Таңқаева «Аулымыздың аптал азаматы», («Шұғыла», 8 мамыр, 1993 ж.) ........ 35
14. Б. Жаппаров «Болар елдің баласы» («Шұғыла» № 20, 16 мамыр 1998 ж.) ........ 37
15. Б. Сырлыбаев «Жеңіс туын желбіреткен» («Шұғыла», 9 май, 1985 ж.) ........ 38
16. С. Михайлов «Бой первый, бой последний» ........ 43
17. Л. Корнева «Встреча с героем», («Знамя труда», 1999 г.) ........ 48
18. Б. Жаппарұлы «Жау ұясын қиратқан», («Ақ жол», 9 мамыр 1996 ж.) ........ 49
19. С. Ашанов «От кешкендер» («Шұғыла», № 127-128, 22 октябрь 1988 ж.) ........ 52
20. Қ. Байтуов «Жеңіс туына жол ашқан жауынгер», («Ақ жол», 6 мамыр 1998 ж.) ........ 52
21. Қ. Әшімов «Майданнан хат», («Шұғыла», № 24, 23 февраль, 1978 ж.) ........ 57

22. Б. Наурызбаев «И память жива, и сердце хранит», («Шұғыла», 19 ноябрь 1994 ж.) ....................59
23. П. Айғожаев «Сіздерге мың тағзым, ардагерлер!» («Шұғыла», № 20, 16 мамыр 1998 ж.) ....................61
24. Б. Жаппаров «Шәкірттер құшағы ыстық», («Еңбек туы», сәуір 1996 ж.) ....................64
25. Ж. Молдақұлов «Ардагерлерге», («Шұғыла», № 19, 9 мамыр 1998 ж.) ....................69
26. Ә. Кемпіреков «Ұяда не көрсең», («Шұғыла», 31 март, 1988 ж.) ....................70
27. Р. Жәнібеков «Ардагер сөзі», («Шұғыла», № 127-128, 22 октябрь 1988 ж.) ....................76
28. С. Жабасов «Құрметке лайық қарттық», («Ақ жол» 1 ақпан 1995 ж.) ....................77
29. Б. Құлыбаев «Армысың елдің ақ таңы!» («Шұғыла», № 53, 16 желтоқсан, 1993 ж.) ....................78
30. Ж. Молдақұлов «Қалдырған ізің мәңгілік», («Шұғыла», № 19, 7 мамыр, 1999 ж.) ....................79
31. Ж. Жоламанов «Әсет ағаға» («Шұғыла» № 21,22, 23 мамыр 1998 ж.) ....................82
32. Ә. Кемпіреков «Үлкен мереке» («Шұғыла» № 53, 16 желтоқсан 1993 ж.) ....................83
33. Сессия шешімі ....................84



Жамбыл аудандық соғыс және еңбек ардагерлер кеңесі

# ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

**(Рейхстагқа тұтқиыл шабуыл жасап, ту тігу операциясына қатысқан соғыс және еңбек ардагері Әсет КЕМПІРЕКОВ қақындағы мақалалар мен өлең-суреттемелер топтамасы.)**

Формат 84х60 1/16 Бумага тип. офсетная. Печать офсетная. Тираж 80 экз.
Заказ № 2239

ЗАО Жамбылский издательский центр «Сенім», 1999 г.
г. Тараз, ул. Толе би, 22